

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ



Филология факультеті
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы
5111300 – Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр бағдарының
4 курс студенті **Кенгесбаева Ақботаның**

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗБАША ЖӘНЕ АУЫЗША ТІЛІН
ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Студент:	А. Кенгесбаева
Ғылыми жетекші:	ф.ғ.к.,доц. А.Оразымбетов
Кафедра меңгерушісі:	ф.ғ.к.,доц. А.Оразымбетов

*Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2018-жыл 30-майдағы
№9 протоколымен қорғауға ұсынылды.*

Нөкіс- 2018

Кенгесбаева Ақботаның «Оқушылардың жазбаша және ауызша тілін дамыту жолдары» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен « ____ » балл (« ____ » %) қойылды.

_____ 2018-жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

ЖОСПАР:

Кіріспе

I тарау. Мәтінді құрастыру жазба жұмыстарының жүйесі

1. Мәтін мазмұнын игерту жаттығулары
2. Жазбаша лексикалық жаттығулар
 - 2.1. Жазбаша морфологиялық жаттығулар
 - 2.2. Жазбаша синтаксистік жаттығулар
 - 2.3. Жазбаша сұрақ-жауап жұмыстарын жүргізу
 - 2.4. Мазмұндама жаздыру
 - 2.5. Шығарма жаздыру

II тарау. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары

1. Сөйлеу мәдениетінің негізгі сапалары
2. Орфоэпиялық сөз нұсқаларын кемелдендірудің ерекшелігі

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың көкейтестілігі. Ұлттың ыдырамас тұтастығы, мызғымас бірлігі, түптеп келгенде, ұлт тілінің тұтастығы оның әдебилігімен тығыз байланысты. Өйткені ұлтты ұйыстыратын, оны өзге этностардан өзгешелігі мен айырмасын айқын аңғартатын негізгі белгісі де, бет-бедері де оның тілі, әсіресе ұлттық әдеби тілі. Мектеп оқушыларының тиянақты білім алып, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруды мақсат етіп қоя отырып, оларды ойлауға үйрету, өз бетінше білімдерін толықтырып, жаңа білімдерді игеру тәсілдерімен қаруландыру, алған білімдерін теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуге саналы түрде қолдана білу сияқты ақыл-ой белсенділігін де дамыту. Қазір тілді оқыту саласында әдіскерлердің айрықша назар аударатын мәселесі – тілді қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту мәселесі. Бұл міндет әсіресе, мектеп жасындағы балаларға қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқытудың мәселесі күн тәртібінде тұр. Бұл ретте оқушылардың тек сөйлемді дұрыс құрастыру жайы ғана емес, алған білімдерін, меңгерген сөздік қорларын қарым-қатынас негізінде әр түрлі жағдайларда пайдалана білу мүмкіндігі ескерілуі тиіс. Жазбаша тіл дамытуда басшылыққа алатын оқушылардың сөйлеу икемділіктерін дамыта оқыту жолдары көрсетіп, қазіргі күн талаптарына сай оқыту жолдарын ашып беруге ат салыстық. Осы тұрғыдан тақырып өзекті.

Жұмыстың мақсаты: Қазақ тілі пәні бойынша оқушылардың жазбаша сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамытудың теориялық негіздері мен тәжірибелік жолдарын анықтап, оқушыларының жазба тілін дамытудың тиімді әдістемелік жүйесін жасау. Оқушылардың тіліне тән ерекшеліктерін лингвомәдени, әлеуметтанымдық негізде анықтау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер белгіленді:

–тілдік қарым-қатынасты қалыптастырудағы жазбаша сөйлеу әрекетінің орны және оның функциональдық ерекшеліктерін анықтау;

–оқушылардың жазба тілін дамытудың психологиялық, педагогикалық негіздерін тану арқылы жазбаша сөйлеуге жаттықтырудың нәтижелі жұмыс түрлері мен тиімді әдіс, тәсілдер жүйесін жасау:

- сөйлеу мәдениеті жайлы ұғымдардың қалыптасуы;
- сөйлеу мәдениетінің негізгі сапалары;
- оқушының тіліне тән коммуникативті ерекшеліктерді көрсету;
- оқушы тіліне жан-жақты лингвистикалық талдау жасау;
- оқушы тілдік тұлғасы туралы түсінік қалыптастыру;
- оқушының сөз мәдениетін қалыптастыру жолдары.

Зерттеу объекті: Зерттеу объекті етіп оқушылардың сөйлеу мәдениеті мен тілдік тұлғасын қалыптастыру жолдары алынды. Оқушылардың сөйлеу мәдениетіне қатысты болған тіл мәдениетінің негізгі сапалары, олардың оқушы тілінің сөз байлығын өсірудегі маңызы зерттеушілер еңбектеріндегі пікірлерімен бірге көрсетіліп берді. Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға әсер ететін факторлар, олардың лингвомәдени негіздері, сөз мәдениетін қалыптастыру жолдары кең сөз етілді. Оқушылардың тілі, сөз қолданысы, мәтін құрау ерекшеліктері, олардың тілінде кездесетін нормадан ауытқушылық көріністері анализ етілді.

Зерттеу әдісі мен деректері: Бұл тақырыпта негізінен лингвистикаға қатысты анализ, синтез жасау, жазба жұмыстардың тілін бақылау, талдау және тілдік фактілерді салыстыру т.б. әдістерден пайдаланылды. Сөз мәдениеті мен тілдік тұлға қалыптастыруға қатысты А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, А.Қайдаров, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев, Г.Мұратова, Ф.Оразбаева, Н.Гайнуллина, сияқты ғалымдардың қағидалары теориялық тұрғыдан басшылыққа алынып, зерттеу жұмысымызға ғылыми негіз болды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Мектеп қазақ тілі сабағында оқушылардың әдеби жазбаша тілін дамыту жолдары мен әдістемесі арқылы оқытуға байланысты алынған ғылыми қағидалар мен тұжырымдар қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтырады.

Жұмыста мұғалімнің оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып, олардың тілдік тұлғаларын қалыптастыру жайлы айтылды.

Зерттеудің практикалық маңызы: Жұмысымызда тіл мәдениеті, лингвомәдениеттану, әлеуметтану, лексикология, стилистика сияқты ғылыми курстарда дәріс оқуда және «тілдік тұлға», «сөз мәдениеті» сияқты арнайы курстарды жүргізуде, тілдік талдау мен семинар сабақтарында, оқу құралдарын жазу тәжірибесінде пайдаланып, оқушылардың сөз байлығын арттырып, тілдік тұлғасын қалыптастыруда практикалық маңызы зор.

Жұмыстың құрылысы: Жұмысымыз кіріспе, екі тарау, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі 60 бет.

Жұмыстың кіріспе бөлімінде зерттеудің жалпы сипаттамасы, тақырыптың өзектілігі, зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері айқындалып, жұмыстың ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы, зерттеу барысында қолданылған әдістер, пайдаланылған тілдік дереккөздер, зерттеудің құрылымы туралы деректер келтіріледі.

Бірінші тарауда жазбаша мәтін және құрылымдық ерекшеліктері сөз етілді. Екінші тарауда орфоэпиялық сөз нұсқаларын қалыптастыру жолдары қарастырылды. Бәрімізге белгілі ең алдымен адамда сөйлеу процесі басталады. Оқушылардың ауызша тіл байлығын өсіру, оларды орфоэпиялық өлшем талаптарына сай тұлғасын қалыптастыру әрбір оқытушының міндеті есептеледі. Демек, ең алдымен орфоэпиялық өлшем қағидаларына сүйене отырып жұмыс алып бару қажеттігі сөз етілді.

Қорытындыда зерттеуіміздің нәтижелерінен толық тұжырым жасалды.

Ғылыми басшы:

ф.ғ.к., доцент А.Оразымбетов

Студент:

А. Кенгесбаева

КІРІСПЕ

Әлеуметтік және ғылыми техникалық өрлеуді дамытудағы басты мәселенің бірі – адамдардың дара тұлға ретінде белсенділігі мен мұраттық сенімділігін қалыптастырып, қазіргі мектептің алдына қойылған оқушылардың өз бетінше іздемпаздығы мен жасампаздық және шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін амал-тәсілдер табу.

Мектеп оқушыларының тиянақты білім алып, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруды мақсат етіп қоя отырып, оларды ойлауға үйрету, өз бетінше білімдерін толықтырып, жаңа білімдерді игеру тәсілдерімен қаруландыру, алған білімдерін теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуге саналы түрде қолдана білу сияқты ақыл-ой белсенділігін де дамыту.

Бұл бағыттағы негізгі мәселе – оқушыларды сөйлеуге, қарым-қатынас жасауға үйрету. «Сөйлеу - адамдардың материалдық өзгертуші іс-әрекеті процесінде тарихи тұрғыдан қалыптасқан тіл арқылы болатын қарым-қатынас нысаны». Сондықтан: «Тіл арқылы баланың логикалық ойлауын дамытуға, қарым-қатынастың дағдыларын жетілдіруге яғни сөйлесім әрекетінің түрлеріне қатысты машықтарын шындауға септігін тигізеді. Сол себепті оқу бағдарламасында сөйлеудің түрін ауызша және жазбаша деп қарастыра келіп, «тіл мәдениетін қалыптастыру ауызекі сөйлеу, жазу, тыңдау мәдениетінің қалыптарына сай дағдыларды жетілдіру» міндетін қояды.

Жазбаша сөйлеу әрекеті - таңбалардың белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болуы арқылы адамдардың бір-бірімен жазбаша қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазбаша сөйлеу әрекетінде оқушы сөйлемнің мәніне, мағынасына қалыбына (формасына) көңіл аударып, оны ойлау әрекетімен пайымдауы арқылы өз санасынан өткізіп, қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуы нәтижесінде жазбаша тілдік қатынасты жүзеге асырады.

Сөз мәдениеті туралы сөз қозғағанда жазу мәдениетін айналып өту мүмкін емес. Сөз мәдениеті мен жазу мәдениеті деген терминдер қатар ұғымда жұмсалады. Өзара мағыналас болғанмен, олардың бір-бірінен айырмашылығы да бар. Сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік, коммуникативтік, этикалық нормаларды сақтай отырып, тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді қарым-қатынас жағдайына, ерекшелігіне сәйкес талғап, таңдап қолдану арқылы дiттеген коммуникативтік мақсатқа жетуге барынша мүмкіндік беретіндей етіп тиімді түрде ұйымдастыру.¹

Ахмет Байтұрсынұлы тіл мәдениеті, сөзді дұрыс қолдануға қатысты: «Сөздің дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін:

- сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықтарды жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына пайдалану қажет;
- сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, ымырластыру қажет;
- сөйлемдерді дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» аса маңызды дейді.²

Қазақ тіл білімінде «тіл мәдениеті» ұғымын қалыптастырған профессор М.Балақаев: «Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер тағы басқалар рухани өмір табыстарының жиынтығы да, сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылысты ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» деп көрсетеді.³

Сөз мәдениеті дегенде, әдеби тілді қалай меңгергеніне көңіл бөлеміз. Сөйлеуші өзіне тән тілдік ерекшеліктерімен қатар, жалпыға ортақ әдеби тілдің нормасынан хабардар болуға міндетті. Оның толып жатқан арналары, жолдары бар: мектеп, жоғары оқу орны, кітап, газет-журнал, радио, теледидар т.б. жалпы мәдениетке, соның ішінде сөз мәдениетіне баулиды.

¹ Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Алматы. 2007. 105 б.

² Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1999. 350-353 б.

³ Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі.– Алматы. 2007. 78 б.

Академик Ә.Т.Қайдар «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген еңбегінде терминдерді реттеп, дамытудың он бір принципін ұсынады¹. Соның ішінде терминология мәселесін мемлекеттің өз қамқорлығына алу қажеттігі, термин жасауда қазақ тілі лексикасының қазынасын барынша сарқып пайдалану керектігі, жаңа термин жасауда дәстүр мен шарттылық заңдылықтарының, халықаралық және ұлттық терминдердің сандық салмағының ескерілуі туралы айтылды. Бұл тұжырымдамада екі нәрсеге көңіл аударылған: біріншісі – халықаралық терминдердің көбін қазақша беруге болатыны туралы болса, екіншісі – аударылмайтындарын қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау, яғни дыбысталуы, тұлғалануын қазақша ұсыну туралы сөз болды.

Оқытушы оқушыларға білім негізін берумен қатар, сөз мәдениетіне баулиды, сондықтан ол қарым-қатынас жасау құралы, шындықты жеткізу құралы – тілдің ойды білдіру мүмкіндігіне – сөз мәдениетіне қанық болуы керек.

¹ Қайдар Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас Алматы: Ана тілі, 1979

I тарау. Мәтінді құрастыру жазба жұмыстардың жүйесі

Жазу жұмысын мақсатқа сай ұйымдастыру оқушылардың лингвистикалық алған білімін қолдана білуге, өз ойын жеткізуде сөйлемдер мен сөздерді орынды пайдаланып, жазбаша мәтін құрастыру икемділіктері мен дағдыларын қалыптастырады.

Оқу бағдарламасында жазу жұмысына «Мазмұндамалар мен шығармалардың тілдік жазу – сөздерді таңдап, дұрыс қолдану, сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс құра білу әрбір сыныпта жетілдіріліп отырылады»- деп көрсетіледі.

Қазақ тілі сабағында жүргізілетін жазу жұмысында оқушылардың ауызша және жазбаша сөздік қорларын молайтып, сауаттылығын арттыру мен жазбаша мәтін құрауға дағдыландыру үшін оқушылардың мынадай икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылады:

1. Мәтіннің мазмұнын, көлемін анықтай білу;
2. Мәтінді түсініп оқи біліп, мазмұнын игеру;
3. Мәтіннің тақырыбын нақты белгілеп, оған материал жинап, әңгімелей білу;
4. Жазба жұмысының тақырыбына лайықты өз көзқарасын, ойын білдіріп, жаңа пікір қосуға баулу;
5. Жазба жұмыстарда баяндау, суреттеуге машықтандыру;
6. Жазылған жұмыстарды өндеп, толықтырып, қайта редакциялап жазуға үйрету;
7. Мәтіннің жанрлық, функциональды стильдері бойынша жазбаша мәтін құрастыруға жаттықтыру;
8. Сауатты сөйлеп, қатесіз жазуға баулу.

Әдіскерлер мен мұғалімдердің пікірінше, жазбаша тіл дамыту үдерісінде білім мен дағды беруге байланысты жаттығулар мынадай мақсатта жүргізілді:

1. Мектеп оқушыларына тілдік құралдардан берілетін алғашқы білім мен дағды мәліметтерін бекіте түсу мен түсіне білу үшін әр түрлі тіл стильдері

бойынша байқау мен бақылау жаттығулары жүргізіледі. Бұл жаттығулар оқушыларды тіл стильдерінің өзіндік ерекшеліктері мен тілдік құралдарын ажырата білуге, мәтіннің стилін анықтауға, әр түрлі стильдегі жазылған мәтіндерді салыстыра білуге төселдіреді. Мұндағы мақсат – мәтінді түсініп оқуға жаттықтыру.

2. Оқушыларға тіліміздегі стильдерден білім мен дағды берудегі маңызды жаттығу жұмыстарының бірі – ол стильдік талдау жүргізу. Ол арқылы тіл стильдерінің қолдану аймағы, ойды жеткізу формасы, олардың тілдік құралдарын жете ажырата білуі, стилистика туралы білімдерін кеңейтіп, дағдыландыру талап етіледі. Бұл сияқты жаттығу жұмыстары оқушылардың тілдегі стиль туралы теориялық білімдерін бекіте түскенімен, ол білімдерін өз тәжірибелерінде қолдана білу дағдыларын алуға жағдай жасай алмайды.

3. Жаттығу жұмыстарының кейінгі кезеңдеріндегі бағыты оқушыларды ойларын жеткізуге, стиль түрлерін қолдана білуге дағдыландыру болып табылады. Ондай жаттығулар жұмысының қарапайым алғашқы түрлерінің бірі – сөйлем мен мәтіндерді редакциялау, қайта өңдеу бағытындағы жаттығулар болып есептеледі. Мұнда оқушылар сөйлем мен мәтіндерді белгілі бір тіл стиль түрлеріне байланысты жөндеуге, жетілдіруге, берілген мәтіннің стилін өзгертіп жаза білуге жаттығады.

4. Оқушылардың алған білімдерін өз тәжірибесінде қолдана білуге төселдіретін жаттығулардың бірі, ол - әр тіл стильдеріне байланысты мәтін құрастыру. Мұнда оқушы тілдегі стильдердің өздеріне тән ерекшеліктерін жан-жақты меңгеріп, сол стильдердің ерекшеліктеріне сай келетін мәтін құрастыру арқылы, ойды жеткізу тәсілдері мен формалары туралы мәлімет алады. Өз ойларын тіл стильдеріне байланысты жеткізе білуге машықтана бастайды, жазбаша тілі дамиды.

5. Тіл стильдері туралы алған білімдерін өз тәжірибесінде қолдана білуге дағдыландырудың ең жоғарғы кезеңі, ол – тіл стильдеріне байланысты мазмұндамалар мен шығарма мәтіндерін құрастыру болып табылады. Бұл жаттығу жұмыстарында оқушылар стилистикадан алған білімдерін қолдана білуге, тіл

стильдеріне байланысты мазмұндамалар, шығармалар, ғылыми мақалалар, очерктер т.б. жаза білуге жаттығады.

Тәжірибемізде осы сияқты жаттығу жұмыстарының түрлері мен топтарын жүргізудің негізгі әдіс-тәсілдерін қарастырайық.

Қазақ тіліндегі жаттығу жұмыстары көбінесе үйретіліп отырылған грамматикалық материалдарды жете түсініп, бекіте түсу үшін жүргізіледі. Сондай-ақ бұрынғы білімдерін қайта жаңғырта отырып, теориялық материалдарды саналы түсіне білуге жаттықтырылады.

Сондықтан тіл стильдерін оқытуда жаттығу жұмыстары мына сияқты мақсаттарда жүргізіледі:

- мәтін мазмұнын игерту, түсініп оқуға баулу;
- мәтіндегі форма, сөз және сөз тіркесі мен сөйлемдердің қолдануындағы стильдік ерекшеліктер мен рендерін таныстыру;
- сөз, сөйлем, мәтіндерді синоним және варианттармен ауыстыру арқылы салыстыра білу, олардың стильдік ерекшеліктерін ажырата алу;
- тіл стильдеріне байланысты сөйлем немесе мәтін құрастыра білуге жаттықтыру; Олай болса, жаттығу жұмыстарының түрлеріне тоқталайық.

1. Мәтін мазмұнын игерту жаттығулары

Бұл жаттығулар қалыпты мәтінді талдап оқуда лингвистикада “формадан - мазмұнға” қарай әдісі қолданылады. Өйткені, мәтін – лингвистикада сөйлемнен жоғары бірлік ретінде қарастырылады. Ал лингвистикалық бірліктердің – сөз, сөйлем – формалық құрылымынан мазмұнына қарай қарастырылатыны белгілі. Осындай мәселелермен байланысты Х.Вайнрих, қарапайым-мәтіндерді (тексты-примиты) қарастыру қалыпты мәтіндерді талдайтын лингвистика ғылымында қалыптасуы қиын болып келетіндігін айтады .

Ал қарапайым-мәтіндерде “мазмұннан-формаға қарай” әдісі негізгі орында тұрады. Өйткені мұнда басты мәселе – қарапайым түрде берілген мәтіннің мазмұны түсінікті (біршама дәрежеде, әрине) ал қалыпты түрде болса, қандай құрылымда, қандай байланыстар арқылы тұтастық жасалар еді деген мәселе

карастырылады. Бұл, негізінен, психолингвистикалық бағыт болып табылады. Өйткені мұнда мәтіннің байланыстылығы емес, тұтастығы бірінші алынып отыр. Осы ретте гештальт мәселесі туындайды. Гештальт теориясы бойынша карастырсақ, мәтін – тұтастық күйде беріледі, оны талдау арқылы қандай байланыстар болуы мүмкін екендігін ғана анықтай аламыз. Осымен байланысты, психолингвист ғалымдар “текстер парадигмасы”, “текстер синонимиясы” деген ұғымдарды да карастыру қажеттігін айтады.

Осы ретте “тірек сөздер” және қарапайым-мәтіннің жасалу мәселесі карастырылады. Өйткені “тірек сөздер” “қарапайым-мәтіннің” ерекшелігін құрайды. Бұл айтылғандардың барлығы психолингвистиканың тереңдетіле карастыратын мәселелері болғандықтан, қарапайым-мәтін туралы қысқаша тоқталып өттік.

Мәтін – тек сөйлеудің туындау үдерісінің жемісі ғана емес, сонымен қатар, қабылдау жемісі болып табылады. Сондықтан да мәтінді екі жақты тану маңызды орын алады: біріншісі – айтушының тұрғысынан, екіншісі – тыңдаушының тұрғысынан карастыру. Кейбір психолингвистикалық ғалымдар мәтіннің байланыстылығын айтушы сөйлеуімен байланыстырса, мәтіннің тұтастық сипатын тыңдаушы қабылдау ерекшелігімен байланыстырады. Сонда айтушы өзінің тұтас мәтінін тыңдаушының қажеттілігіне байланыстыра туғызады. Өйткені айтушы әрдайым өзінің тыңдаушысының даму дәрежесі мен сөз түсіну деңгейін ескеріп отырады.

Тыңдаушы тұрғысынан келсек, берілген мәтінді түсіну оны қабылдаудан басталады. Түсіну үдерісін О.М.Копыленко үш бөліктен тұрады деп анықтайды: 1) қабылдау; 2) қабылдағанды түйсіну; 3) қабылданған және түйсінілгенді өзіндік дәрежеде түсіну. Тыңдаушы тұрғысынан талдау барысында тіл бірліктері емес, сөйлеу бірліктері танылады дейді осы автор. Шындығында, тыңдалған мәтіндегі сөздердің, сөз тіркестерінің қалай байланысқандығы, сөйлем құрамында қалай орналасқаны орын алмауы керек деген оймен келісу қиындау.

Л.П.Руденко мәтіннің мәндік компрессиялануын зерттей келе, мәтіннің ішінде мазмұндық тұрғыдан тығыздалу мүмкіндігі бар екендігін айтады. Автор

“жайылма мәтіннен, тезис, жоспар, минималдық үшқары жазба” түрінде келген жоба жасату арқылы экспериментке қатысушылардың түпкі ойының (замысел) толықтай жүзеге асу жолдарын анықтайды. Түпкі ойдың сөздік (вербалдық) түрде жүзеге асырылуы – ерекше құрылымда келеді деп шешеді: “... можно сказать, что своеобразному психологическому феномену – внутренней смысловой программе речевого целого во внешней речи соответствует синтаксическая модель заголовка”¹.

Мәтінді түсіну туралы М.М.Мұқанов мынадай пікір айтады: “Тексте ой бар ма? Әрине, әркімнің ойы өз басында. Сол ойды қағаз жүзінде түсіргендіктен, бәлкім, текстегі мазмұнды біз ой деп айта алармыз. Егер тексте ой болса, тексттің өзі адамсыз сөйлей ала ма? Әрине, сөйлей алмайды. Ендеше, тексте ешқандай ой жоқ. Ой дегеніміз – текстті жазған кісінің жадында қалуы. Егер тексте ешқандай ой жоқ болса, онда оны өзге кісілер қалай оқып түсіне алады? Деген сұрақ туады. Текстті оқып түсіне алатын себебі, текстердің қай-қайсысының болса тілде сөйлеушілердің шарттасқан келісімі сияқты. Сөйтіп, сол келісім нәтижесінде текстегі ойды бір тілде сөйлейтіндер тегіс танытын болады”². Шындығында, мәтіннің ауызша болсын, жазбаша болсын, түрін бір тілде сөйлейтіндердің түсіну үдерісі – күрделі, тамыры тым-тым тереңде жатқан құбылыс екені сөзсіз. Сондықтан мәтінді түсініп оқу дағдысын қалыптастыруда оқушыларды мәтінге жоспар жасауға жаттықтырудан басталады.

Негізінде ғалымдар мәтінге жоспар құруды біліктіліктің күрделі қызметін қажет ететін үдеріс деп санайды. Сондықтан да оқушыға жоспар құрғызуға жеңіл қарамағаны дұрыс. Дұрыс құрылған жоспар – оқушының айқындалған ойын танытады. Ал оқушы өз ойын айқындап, бір желіге түсіре алмаса, материалды меңгерді деп айта алмаймыз. А.А.Смирнова, Л.И.Каплан, М.Ф.Морозова т.б. ғалымдар оқушылардың мәтінді меңгеруінің психологиялық аспектісін зерделей келе, мәтінге жоспар құрғызу оқушыларды түрлі ойлау амалдарын жинақы

¹ Руденко Л.П. Смысловая компрессия как метод исследования внутренней смысловой программы речевого целого. // Исследования речи-мыслительной деятельности. – Алматы: 1974, 56-57 стр.

² Мұқанов М.М. Педагогикалық психология очерктері, Алматы: Қаз.-мем.оқу.пед. Баспасы, 1962, -171 бет

жүргізуге, өзінің айтарын басқаның “көзімен” салыстыра отырып беруге тәрбиелейді деген пікір айтады.

Мәтінге жоспар құру барысында оқушы екі жақты әрекет жасайды: оның бірі – тұтас мәтінді бөлшектеу жолын танып жатады, екіншісі – мәтіннің мәнісі жағынан жуық келетін бөліктерін топтап, жинақтап жатады. Сонда, жоспар құру анализ бен синтездің қатар жүруін қажет ететін логикалық амалдар екендігін танимыз. Құрылымдық жағынан бөлшектеп жатқанымен, сол бойда мән-мағыналық жағынан топтап жатады.

Негізінде жоспар құру барысында оқушылардың ой қызметі жетіледі. Оқушы мәтіндегі берілген материалдың мазмұнындағы түйінді ой мен қосалқы ойды ажырата ала ма, ол үдеріс қалай өтіледі, ойлау қызметі қаншалықты өсіп-жетілді, жазушы адамның тілдік қызметінің нәтижесі (яғни мәтін) екінші адамға қалай аударылып шешілді деген маңызды сұрақтарға мұғалім оқушының мәтінге жоспар құру қызметінен, соның нәтижесінен жауап іздейді. Бірақ сол жақсы нәтижеге жету үшін мұғалім соған жететін баспалдақтарды қалауы тиіс екендігі есте тұрады.

Берілген мәтінге мәндік тұрғыдан қайта шолуға мүмкіндік беретін ақыл-ой әрекеттерінің сипатын осы ғалымдар мынадай деп таниды: тұтасты мәндік топтарға бөлу; мәтіннің құрылымын сол мәндік топтар арқылы топтау; есте сақталуы қажет материалдың жекелеген бөлшектерін бір-бірімен сәйкестендіру; есте сақталатындарды бір-бірімен және өзінде бұрыннан бар таныс мазмұнмен байланыстыру, үдеріс жаңаны есте сақтауда тірек болады; көрнекі бейнелерді тірек ету; метафоралық ойлау қызметін белсендіру т.б.

Мәтінге жоспар құрғызудағы әрекеттің бірі мәтінді топтарға бөлу – жұмыстың алғашқы сатысы ғана. Бұл әлі есте сақтау емес. Өйткені ол оқушының өз бетімен орындайтын дағдыларының қатарына енген жоқ. Сондықтан да логикалық біріділікпен жүргізілетін мұғалім жұмысының түпкі нәтижесі ғана оқушының мәтінді есте сақтауы, оны бөлуі мен мазмұндық жағынан тығыз түрде жүйелей алуы сияқты маңызды қабілеттерді қалыптастыратын болады.

Мектептерде орта сыныптарда танымдық қызметті, негізінен, бірізділікке, бірқалыптылыққа түскен деп санауға болатыны белгілі. Сондықтан да жазу әрекеттерді оқушының орындауы үшін негіз бар болып келеді. Ал есте сақтау мен материалдың маңызды мәнді тұстарын ғана айқындауды ойлаудың жоғары басқыштағы қызметі десек, психология мен логика ғылымдарының мәліметтерін қазақ тілін оқыту әдістемесінде молынан пайдалана білудің қажеттілігін көреміз.

Н.Оралбаева, Қ.Жақсылықова тілдік жаттығуларды сөйлеуге үйрету сөйлеудің алғашқы дағдысын қалыптастыру ретінде түсіндіріп: “Тілдік жаттығулар тілдік нұсқалар туралы алғашқы білімді бекітуге арналады. Оқулықтағы жаттығулар оқушыны сөйлей білуге үйрету, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға керек”, - деп нақтылайды ¹. Сондықтан біз жаттығуларды мәтін құрастыра білу, яғни жазбаша мәтін түзе білуге байланысты қарастырайық.

Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқыту үшін, ең алдымен, мәтін мазмұнын жоспар жасауға жаттықтыру арқылы игертіледі.

Бұл жұмыстар қазақ тілін оқыту үдерісінде игерген тіл туралы біліміне негізделе жүргізіледі. Ол жаттығулардың көмегімен іске асады. Мәселен, жазбаша сөйлеу әрекетін дамыта оқытуда стильдік-грамматикалық жаттығулар мектепте теориялық материалдарға байланысты мәтіннің тілдік ерекшеліктерін игерту мақсатында жүргізіледі.

2. Жазбаша лексикалық жаттығулар

Бұл жаттығулар негізінде сөздермен жұмыс жүргізу болып есептеледі. Лексикалық жаттығу жұмыстарын мұғалім, ең алдымен, оқушының тілін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, сөздік қоры мен оны молайтудағы ерекшеліктерді үйретуге ерекше назар аудара отырып жүргізіледі. Лексикалық жаттығулар сондай-ақ оқушылардың лексикадан білімін бекіту мен лексикалық икемін қалыптастыру үшін де жүргізіледі.

Бұл жаттығуларды жүргізуде ең негізгі мәселенің бірі – ол сөздің мағынасы және сөздердің стильдік қолданылуын анықтап, тани білуге үйрету болып

¹ Оралбаева Н., Жақсылықова Қ. Орыс тілі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы: Ана тілі, 1996, -114 бет

табылады. Мұндағы негізгі мақсат сөздердің жалпы беретін мағынасы мен контекстегі қолданудағы мағынасын ажыратып, түсінуге жаттықтыру.

Лексикалық жаттығулар сонымен бірге сөздік жұмыстарын жүргізуді қамтып, оқушылардың сөздік қорын молайту мақсатын да көздейді. Ал оқушыларға стилистикадан мәлімет беріп, олардың тіліміздегі сөздерді қолданудағы мағыналық және стилистикалық реңдерін үйретуде стильдік-лексикалық жаттығулар да жүргізіледі.

Сөздің мағынасына байланысты жаттығу жұмыстарында, әсіресе сөздің тура және ауыспалы мағынасы, омоним, синоним, антоним және фразеологиялық тіркестер, терминдер, диалектизмдер мен кәсіби лексика жөнінде мәліметтер берілумен бірге олардың тілдегі қолданылуы, тіл стильдеріне қатысты қызметтері мен стильдік реңдерін анықтау байланыстыра жүргізіледі. Сондай-ақ сөздерді орынды, дұрыс қолдануға, яғни тіл нормасын ажыратуға дағдыландырады.

Мұндай жаттығулардың негізгі мақсаты сөздердің негізгі және ауыспалы мағынасына байланысты қолдану ерекшеліктерін, көркемдігін, бейнелілігін танытуды мақсат етеді.

Сондай-ақ мұндай типтегі, стильдік-лексикалық жаттығулар беру мен орындаттыруда мынадай мақсаттар көзделеді:

1. Сөздің мағынасын ажырату;
2. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы болатындығы және оның қолданудағы стильдік реңдері;
3. Сөздің образ жасауға қатысы;
4. Сөздердің экспрессиялылығы мен эмоциональдылығы;
5. Сөздердің синонимдері, олардың мағыналық және стильдік реңдері;
6. Сөздердің тіл стильдеріне қатысы.

2.1. Жазбаша морфологиялық жаттығулар

5-7-сыныптарда морфологияның стильдік ерекшеліктерін анықтауға байланысты жүргізіледі. Мысалы, зат есімді оқыту кезінде зат есім сөздер мен формалардың мағыналық реңдерімен бірге стильдік қолданылуы туралы білім мен

дағды беру көзделді. Ол жаттығу жұмыстарын орындаттыру арқылы игертіледі. Мәселен, зат есім сөздер мен формалардың функциональдық стильдердің тілдік құралдарындағы қолдану ерекшелігін білдіру мақсат етіледі. Ол үшін мынадай морфологиялық жаттығу жұмыстарын орындаттыруға болады:

1-жаттығу. Берілген мәтіндегі зат есімді анықта. Оны келесі зат есім сөздермен Зсалыстыр. Бұл зат есім сөздердің қай стильдерде қолданылғандығын анықта: шағын көл – көлшік; кішкентай үй – үйшік; кішкентай нан – күлше.

Жауаптың үлгісі былай болуы тиіс. Зат есімдер көл, үй, нан. Ол қосымша жалғанған зат есім сөздерге қарағанда нақтылау мағынаға ие. Ал көлшік, үйшік, күлше заттардың өзін анықтап, көрсетіп қана қоймайды, кейбір ерекшеліктерін де анықтайды. (Бұл жерде көлеміне байланысты ерекшеліктері). Ал бұл кітаби жазба стильдерде сирек қолданады. Ол зат есім сөздер көбінесе ауызекі сөйлеу тілі мен көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады.

Сондай-ақ оқушыларға сын есімді өтуде сын есім сөздердің стильдік қолданылуы мен тіл стильдеріне қатысын оқушыларға игерту үшін жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Мысалы:

2-жаттығу. Мына берілген сын есім сөздердің мағынасын салыстыр. Қай сын есім тіл стильдерінің түрінде қолданылатындығын сөйлем құрап дәлелдендер.

1. Сары – сарылау – сарғыш – сарырақ – сап-сары.

2. Ашулы – ашушаң – ашуланғыш.

Оқушыларға тіл стильдерінен білім мен дағды беру мақсатын да морфологияға байланысты, соның ішінде қосымшалардың қолданылуы, ондағы стильдік рендері туралы мәлімет бере отырып, олардың тіл стильдеріне қатысы анықталады. Мысалы, сын есім жұрнақтарын өту барысында –дай, -дей жұрнақтарының қызметін, мағынасын, мәнін үйретумен қатар, ол жұрнақтардың тіліміздегі суреткерлік, бейнелілік жасау мақсатында жұмсалатындығы туралы мәлімет беру қажет. (үйдей, таудай, арыстандай). Ал ол жұрнақ жалғанған сөздер, суреттеме құралдар (теңеу сөз) көбінесе ауызекі сөйлеу мен көркем әдеби стильдерінде жиі қолданылатындығы айтылып, жаттығулар жүргізіледі.

Мектепте қазақ тілінің морфологиясын оқыту барысында стильді-морфологиялық жаттығулар жүргізуде мына сияқты тапсырмалар мен жұмыстарды орындатуға болады:

- морфологияға байланысты грамматикалық материалдардың (сөз таптары, қосымшалардың) стильдік қолданылуы туралы мәлімет беру, оны анықтай білуге жаттықтыру;

- тіл стильдеріне байланысты қолданылатын морфологиялық категориялар мен формалардың ерекшелігін тани білуге жаттықтыру;

- қазақ әдеби тіл стильдерінің тілдік құрамындағы морфологиялық ерекшеліктерін тауып, ажырата білуге дағдыландыру. Оны тәжірибелерінде пайдалана білу.

2.2. Жазбаша синтаксистік жаттығу.

Оқытудың негізгі мәні тілді тәжірибелік меңгерту болғандықтан сөз тіркестерін оқытудағы жүргізілетін стильдік-синтаксистік жаттығуларға сөз тіркестерін белгілі бір тіл стильдеріне байланысты сөйлем құрастыру және мектеп оқушыларының тіліндегі сөйлем құрудағы стильдік кемшіліктерді түзету сияқты жұмыстар ұйымдастыру енеді. Мысалы:

1-жаттығу. Берілген мәтіндердегі негізгі және бағынышты сөзді анықта. Кітаби тіл стильдеріне байланысты қолданылатын тіркестерді көрсет:

Жиналысты өткізу, қызықты кітап, көңілді серуен, ынтыққан жүздер, уақытты өлтіру, алдағы мақсат, табыс кепілі, өнімдерді өндіру.

Сөйлемді оқытуға байланысты жүргізілетін стильдік-синтаксистік жаттығулар негізінде сөйлемнің стильдік ерекшеліктерін танытуға байланысты және ойды жеткізудегі сөйлемдердің тіл стильдеріне қатысын анықтау барысында жүргізіледі.

Стильдік-синтаксистік жаттығу жұмыстары синтаксистің стильдік ерекшеліктерін игертуге байланысты мынадай мәселелерге көңіл аудартады:

- тілдегі стильдік-синтаксистік тіркестердің ерекшеліктерін таныстыру;

- бір ойды беретін әр түрлі синонимдік тіркестер мен варианттарды салыстыра байқау;

- ойды тіл стильдеріне байланысты жеткізу мақсатында тіркестер мен сөйлемдерді алмастырып, стильдік эксперимент жасауға дағдыландыру;


- әр түрлі тіл стильдеріне байланысты сөйлем құрау мен мәтін құрастыруға жаттықтыру;

- тіл стильдеріне байланысты ойды жеткізу бағытында өз тәжірибесінде қолдана білуге дағдыландыру.

Бұл білімдер, яғни тілдік құралдар туралы білімдер жаттығулар арқылы жинақтауға жаттықтырылады. Мәтін – тіл бірліктерінің үлкен тұтастығын танытатын ерекше бірлік. Мәтіннің өн бойында дыбыстан бастап, құрмалас сөйлемнің күрделі түріне дейін қызмет етіп, өзінің үлкен жүйені құраушы болмысын танытып тұрады. Осынысымен де мәтін оқушылардың ойлауы мен тілін, грамматикалық автоматизмін қалыптастырып, жазбаша тілін дамытуда үлкен орын алады. Оқушылардың ойлауы мен тілін дамытуда сөз тіркесінің түрлі белгілері мен түрліше қызметтерін тек сыртқы деректерді көру арқылы ғана емес, терең тынысты байланыстарды түйсіну арқылы да танылуы қажет. Ол үшін, сөз бен сөз тіркесінің түрлі өзгерістерге түсуін, сөз, сөз тіркесі, сөйлеммен салыстарғандағы өзіндік айрықша белгілері мәтіннің құрамында танытылуы тиімді болмақ. Сөздердің тіркесу қабілеті – олардың өздерінен үлкен тіл бірлігін жасау қызметінен танылады. Жеке сөз келесі жеке сөзбен интонация, орын тәртібі, жалғау, шылау арқылы байланысқа түсе келе, байланыстың белгілі бір түрін туғызады (қиысу, қабысу, жанасу, меңгеру, матасу). Осылай байланысқан сөздер айтылмақ ойдың синтаксистік схемасына барып еніп, тіл бірлігінің келесі жоғары түрі – сөйлем туындауына қатысады. Алдыңғы басыңқы, бағыныңқы формада келген сөз тіркестерінің компоненттері енді сөйлемнің құрамында басқа қызметке, яғни сөйлем мүшелері қызметін атқарып, енді басқа, бұрынғыдан үлкен деңгейдегі байланыстар мен қатынастардың түрлерін анықтауға кіріседі. Тұтастықтың бір түрінен екінші түріне ене отырып, сөз тіркесі де түрлі деңгейде түрліше қызмет атқара алатын ішкі «бейімділіктерін» аша береді. Бұл бейімділік болса, тіл бірліктерінің түрлі икемделгіш қасиеттері мен көпқырлы заңдылықтарынан

туындап жатады. Бұлардың барлығын оқушыға таныту – олардың ойлауының динамикалы, дамулы күйде келуіне үлкен әсер етеді.

Мәтінмен жұмыста дидактикалық негізінде көрсетілгеніндей, мынадай формулалар қолданылады:

1. «Сөз → сөз тіркесі → сөйлем → мәтін»; →
2. «Мәтін → сөйлем → сөз тіркесі → сөз»; →
3. Сөйлеу 

Мәтін – ішкі күрделі құрылымға ие жүйе. Мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара байланысы оны құрауға негізделеді. Мәтінді құраушылар арасындағы байланыстар жасалуын қамтамасыз ететін элементтер, О.Р.Каменскаяның айтуынша, коннектор деп аталады.

Сөз тіркесі мәтін ішіндегі құрылымдық-семантикалық байланыстылығы жағынан тек бір сөйлемнің ішінде қалып қоймайды. Бір сөйлемнің мағынасын құрауға қатысқан сөз тіркесі тұтас сөйлем мағынасының кіші бөлшегі бола отырып, келесі сөйлемге мағыналық жағынан тізбектеледі. Сөйтіп, бір сөйлемнен келесі сөйлемге, одан үшінші сөйлемге т.б. ұласпалық арқылы сөз тіркесі тұтас мәтіннің мағынасын жасауда белгілі бір дәрежеде коннекторлық қызмет атқарып тұрғаны байқалады. Сондықтан бұл құбылысты Н.Ж.Құрманова: «Жалпы, сөз тіркесінің мағыналық жағынан мәтін ішінде өзара байланысуы – ортақ тақырыпқа сай бір өріске ұйыса бірігу үдерісі негізінде өтеді. Белгілі бір ойлау актысының көрсеткіші ретінде қызмет ете отырып, сөз тіркестері де өзара «үндесе» орналасады», - деп көрсетеді. Б.Шалабаевтың айтуынша, сөйлеушінің не жазушының өмірлік тәжірибесі, белгілі бір мәтінді құрауда қолданылған мотиві, мақсаты, жағдайы тілдік құралдар мен тілдік тәсілдерді таңдауда көп басшылық етеді¹.

М.Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясынан алынған үзінді-мәтіндегі сөз бен сөз тіркестерінің мәтін құраушылық қызметі мен мәтіннің тұтас мазмұнын ашудағы

¹ Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың логикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру әдістері мен тәсілдері. –Алматы, 1998, 41 б.

барынша орайласа, тізбектеле, кезеңділікке бағына орналасу сипаты талданды. Мәтін: *“Есентай – кесек мұрынды, маңдайы тайқылау келген, зор басты, бітік көзді, зіл салмақты адамның бірі. Оразбайға жасы да тақау. Елде Сармырза деген рудың аса сотқар, жуан бел атқамінерлерінің бірі. Бірі ғана емес, бірдің өзі. Ол Оразбайдың әр пәледе, әр кесір әлекте ұдайы қасынан табылатын үзеңгі жолдасы.*

Жасырақ шақтарында бұлар ұрлықты бірге істескен дейтін сыбыс бар-ды. Ол өте аз сөйлейді. Оразбай сапылдап: ашуын да, боқтығын да, шешен тілді қар боратқан дауын, жаласын да аласапыран айта жөнелгіш кісі. Ал Есентайдан сондайда Оразбайды бес-алты рет ақтарылта сөйлетіп алмайынша, үн шықпайтын. Тегі, әр жиынның ең артқы сөзін айтуды өзіне тәсіл ететін. Әуелі сөзге сараң, онан соң айтса, неғылса біреуді соқтырып, өшіктіре, қиян-кескі қиталастыра сөйлемесе, іші кебетіндей болған. Пәлесіз, үлкен ылаңсыз, алыс-жұлыссыз аяқтайтын сөздің тұсында Есентай көбінше тіл бермей, үн қатпай, жым-жырт қалатын.

Әсіресе, даңғойлау, есерсоқ, аңғалдау адамдар болса, Есентайдың қолына түссін. Ол бітік көзін жұма беріп, маңғаз, биік бойдағы сырын сездірместен сызданып отырып алады. Бір де бір езу тартып, жылы жүз беріп келген, жылыған, жібiген ажар көрсетпейді. Сырт қалтында адамды алдар деген титтей белгі болмайды. Бірақ сөйте отырып, талайларды алдап соғады, мысқыл етеді, мазақ қып кетеді” (М.Әуезов).

Талдау жұмысын мынадай жүйеде жүргізуге болады. Мәтінді іштей үш бөлікке бөліп, олардың әрқайсысына тақырып бердік: 1-тақырыпша – Есентайдың сыртқы бейнесі. 2-тақырыпша – Есентайдың ішкі дүниесінің бейнесі. 3-тақырыпша – Есентайдың әрекетінің бейнесі. Бұл тақырыптардың байланысуында сөз бен сөз тіркестерінің де үлкен роль атқарып тұрғанын көрсету мақсатында оқушылармен біріге отырып теориялық талдау жүргізілді. 1-тақырыпшадан 2-тақырыпшаға желі тартқан сөз тіркесі – Оразбайдың жолдасы, үзеңгі жолдасы. 2-тақырыпшадан 3-тақырыпшаға қарай өтетін жолды біз біреуді біреуге соқтыру, іші кебу; қиталастыра сөйлеу деген сөз тіркестері арқылы көрсетуге болады. 3-тақырыпшадаға үзінді мәтіннің шешімін талайларды алдау, мысқыл ету, мазақ

қылу деген сөз тіркестері көрсетеді. Сонда, сөз тіркестерінің өзі сөйлемнің құраушы материалы болғанымен, шын мәнінде, өздерінің орналасу жүйесі арқылы мәтіннің құраушы материалына айналып тұр. Сөйтіп, “Есентай” деп басталған мәтін, алдымен оның сыртқы бейнесі, одан ішкі дүниесін, ең соңында зұлым адамның тұтас бейнесін суреттеп аяқталып тұр. Осы яғни сөз тіркестерінің орналасқан логикалық желісін біз оқушыларға мынадай үлгіде де талдауды үйреттік:

1-тақырыпшадағы сөз тіркестері: “ кесек мұрынды → маңдайы тайқылау→ зор басты →зіл салмақты →Оразбайға тақау →аса сотқар →бірдің өзі әр пәледе, →әр кесір әлекте→ үзенгі жолдасы→ ұдайы қасынан табылады→ұрлықты бірге істескен →екеуі берге істескен

2-тақырыпшадағы сөз тіркестерінің тізбегі: бір басқашалығы→айқын басқашалығы→ аз сөйлейді → Оразбай аласапыран сөйлейді → Есентайдан үн шықпайды → ең артқы сөзді →әуелі сараң→ сөзге сараң→біреуге соқтырады → әйтпесе іші кебеді → пәлесіз сөздің тұсында→үн қатпайды→жым-жырт қалады

3-тақырыпшадағы сөз тіркестерінің тізбегі: даңғойлау, есерсоқ, аңғалдау адам түссін→Есентайдың қолына түссін→ сырын сездірмейді→сызданып отырып алады→жылы жүз бермейді→ жібіген ажар көр сетпейді→адамды алдар белгі болмайды→ алдап соғады → мысқыл етеді→ мазақ қып кетеді”.

Берілген үзінді мәтіндегі Есентайдың бейнесі, шын мәніне келсек, романдағы Оразбайдың зұлым бейнесін аша түсетін қосымша персонаж ретінде беріледі. Ол Оразбайдың бейнесі болса, тұтас романдағы “жауыздық” деген концептіні танытатын бір элемент ретінде суреттелген. Көрсетілген сөз тіркестері болса, сол үлкен тұтастықтағы мазмұнды ашуда белгілі бір маңызға ие болып тұр. Мәтіннің тұтастығын тану оны бөлшектерге бөлу арқылы жүргізіледі. Бірақ, бөлшектерге бөлген кезде, олардың арасындағы грамматикалық және мағыналық байланыс жойылып кетпеуі тиіс.

Сөздердің байланысу түрлері туралы сабақтарда қабыса байланысқан сөз тіркестерінің ерекшелігіне көбірек назар аударған дұрыс. Мынадай мәтінді талдау арқылы оқушылардың талдау әдістерін меңгеруі жетілдіріле түсті:

“Ақылды адамдар күн тәулігіндегі уақытты істелетін жұмыс, атқарылатын қызметтің ауқымына қарай бөліп қояды. Ол істерді бірімен-бірін араластырмайды. Олардың қызметкерлері де қай кезде қандай іспен шұғылданатынын біледі. Сондықтан да олардың атқаратын жұмыстары белгілі бір қалыптағы тәртіпке бағынады” (Кабуснама).

Бірінші сөйлемдегі ақылды адамдар деген сөз тіркесіне талдау жүргізілді. Мұндағы тіркестің түрі – қабысу. Басыңқы сөзі – адамдар. Келесі сөйлемде осы басыңқы сөз – ол есімдігімен ауыстырылып, енді қиыса байланысқан тіркестің алғашқы яғни бағыныңқы сыңарына айналған (ол араластырмайды). Үшінші сөйлемде адамдар деген сөз олардың болып, матаса байланысқан сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарына айналып кеткен (олардың қызметкерлері). Төртінші сөйлемде де осылай (олардың атқаратын жұмыстары). Сөйтіп, оқушыларға мәтінмен жұмыс жасатуда сөз тіркесінің өзі компоненттерінің түрленуінде белгілі бір тұтастық құруға деген бағыныштылық, тәртіп бары көрсетіледі.

2.3. Жазбаша сұрақ-жауап жұмыстарын жүргізу

Сұрақ-жауапқа жаттықтыру жұмысы стилистикадан алғаш мәлімет беру кезінде, тіл ұстарту мақсатында жүрізіледі.

Онда оқушыларға белгілі мақсатқа байланысты сұрақтар беруі талап етіледі. Ал ол сұрақтарды мұғалім белгілі бір мәтіннің немесе сөйлемнің стильдік ерекшеліктерін білдіретіндей етіп ұйымдастырады. Яғни, сұрақтар әр сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, оларға стилистикадан берілетін білімнің ауыр-жеңіліне байланысты беріледі.

Тегінде, сұрақ қоя білу, қойылған сұрақтарға орынды, дәйекті жауап қайтару дағдылары оқушыларға нақтылы көмек берудің нәтижесінде қалыптасады. Оны ауызекі жұмыстан гөрі жазбаша жаттығулардың үстінде жүзеге асыру мүмкіндігі

мол. Өйткені, оқушы жіберген кемшілікті (сөз таңдау, сөйлем құрау, ой нақтылығы т.б.) жазып, сызып көрсетуге, дұрыс жазудың үлгілерін беруге болады.

Дегенмен, жазу жұмыстарының сапалы орындалуы оған дейінгі сұрақ-жауапқа жаттығу кезінде оқушылардың алған білім, дағдыларына байланысты. Мысалы, мына мәтін қай стильде жазылған? деген сұрақ беру үшін, ол мәтінмен оқушылар бұрын танысқан немесе стиль туралы бұрын мәлімет берілген болуға тиіс. Демек, сұрақты белгілі мақсатқа лайықты құрастыру, оны оқушының дұрыс түсініп, орынды жауап қайтаруы – жұмыстың сәтті орындалуының басты шарттары болып есептеледі.

Өзіміздің көп жылдық педагогтық іс тәжірибемізге сүйене отырып түйгеніміз оқушылардың қалың көпшілігі сыныптық және сыныптан тыс қабылданған материалдарды жинақтап, логикалық жүйеде байланысқа түсіріп, жазбаша баяндап беруге қабілетсіз келеді. Оның басты себебі бұл мәселе қазақ тілін оқыту әдістеме ғылымында күні бүгінге дейін зерттеу нысаны болмағандықтан мұғалімдер әр түрлі білім көздерінен жинақтап біріктіру арқылы бала тілін жазбаша дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері кең көлемде белгіленбей келді. Сондықтан оқушыларды мұндай жұмыс түріне жаттықтыру ісі талап деңгейінде көріне алмай жүр.

Жоғарыдағы аталғандарға сәйкес, оқушыларды әр түрлі білім көзінен жинақталған материалдарды біріктіру нәтижесінде тұтас байланысқа түскен мәтін түзу дағдыларын қалыптастыру, яғни олардың контекстік тілін дамыту жолдарын анықтауды сұрақ-жауап, яғни әңгіме әдісі арқылы жүргізу тиімді.

Біз біріктірілетін материалдарға әдебиет оқулығындағы әңгімелерді, сурет-иллюстрацияларды, табиғат құбылыстары мен өмір шындығын бақылаудан алынған мәліметтерді, жүргізілген тәжірибелердің нәтижелері мен оқушының жеке басының пікірін пайдаландық. Ең негізгі білім көзіне оқылатын мәтін алынады да, ал қалғандары оған қосымша қызмет атқарады.

Әр түрлі білім көздерінен біріктіру арқылы балалардың контекстік тілін дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыс үдерісін мынадай бөлімдер бойынша қарастырдық.

1. Оқылатын мәтінді ұғу.

2. Оқылған мәтінді сапалы толықтыру үшін екінші білім көзінен материал жинақтау.

3. Оқылған материал мен оқушылардың басқа білім көзінен жинақталған материалының контекстегі мазмұнға сай логикалық байланысқа түсіруге дағдыландыру.

4. Біріктірілген материалдар бойынша әңгімелету, жазбаша мәтін құрауға жаттықтыру.

Оқулықтағы мәтін мен басқа білім көзінен жинақталған (бақылау, сурет, тәжірибе т.б.) материалдарды бір мезгілде талдау үдерісі тек тақырыптық байланысын белгілейді сөйлемдер арасындағы мағыналық дәнекерлікті анықтайды, мұның өзі баланың контексті тілін дамытуда маңызды роль атқарады. Сөйлемдер арасындағы бұл қатынастар әр түрлі білім көздерінен алынған материалдардың логикалық негізде жүйеге түсуді қамтамасыз етеді, оқушыларды байланыстырып сөйлеуге дағдыландырады.

Оқылатын мәтін мен сыныптан тыс табиғат құбылыстарына жүргізілген бақылаудың немесе мектепте жүргізілген тәжірибенің барысында жинақталған материалдарды біріктіріп, тұтас әңгіме құру дағдыларын қалыптастыру жайындағы жұмыстарға мысал келтірейік.

Егер сабақта күнделікті тұтынылатын зат не құбылыс жайында жазылған әңгіме оқытылса, мұғалім сабақты түсіндіруде оқушылардың жеке басының тәжірибесіне сүйенеді (жаңа мәтінді оқығанға дейінгі игерген), ал егер шала таныс немесе мүлде таныс емес нәрселер жайында баяндалған мәтін талданатын болса, онда оқушыларды онымен тереңірек таныстыру мақсатында белгілі бір зат не құбылысқа бақылау ұйымдастырады не тәжірибе (басқа да білім көздерін пайдалануы мүмкін) өткізіледі.

Әңгіме мәтінін оқудан бұрын оқушыларға сол зат не құбылысқа бақылау жүргізу тапсырылады. Бақылау нәтижелі болу үшін, нені, қашан, қалай бақылау керектігі, оқылатын мазмұнда сөз болатын нәрселер жайында қосымша мағұлмат алатындай етіп егжей-тегжейлі нұсқау, сұрақтар беріледі. Олай дейтініміз,

оқушының оқу материалын ұғынуды тікелей сезу үдерісіне сүйеніп, іске асады. Ал тікелей сезу үдерісінде түйсіну, қабылдау, елестеу жатады.

Қабылдаудың ерекше түрі – бақылау. Бақылау үдерісі белсенді жүргізілуі шарт. Бақылаудың белсенділігі дегеніміз – жұмысты жүргізерде оқушыларды қандай нәрселерге мән беруді ескерте отырып сұрақтар арқылы жетелеу. Демек бақылау дегеніміз белгілі бір нысанды мақсатсыз қарау немесе бір нәрсені тыңдау сияқты пассив үдеріс емес, керісінше ойдың қатысымен белсенді түрде іске асатын үдеріс.

Енді жұмыс барысын мысалдар арқылы көрсетейік.

1. “Керемет көктем” әңгімесін оқу (оқушылардың табиғат құбылыстарына жасаған бақылау нәтижесінде жинақталған материалды пайдалану).

2. “Ұя сыры” әңгімесін оқу (мектепте жүргізілген тәжірибе нәтижелерін пайдалану). Оқулықтағы “Керемет көктем” әңгімесін өту алдында оқушыларға табиғат құбылыстарына бақылау жүргізуді тапсырады.

Мұғалім бақылау нәтижелі болу үшін нақтылы жоспар – сұрақ ұсынады:

1. Қардың еруі (таңертең, түсте, кешке). Қар неліктен ериді? Еріген қар неге айналады? Су қайда, қалай ағады?

2. Көктемнің хабаршыларын қалай білесің (жердің көктеуі, ағаштардың бүршік жаруы, жидектердің гүлдеуі, жапырақ жаюы, құстардың келуі, алғашқы келген құстар, олардың іс әрекеттері, жан-жануарлардың түрленуі).

3. Адамдардың көктемгі іс әрекеттері қандай? (Жер жырту, егін салу, бау-бақшаларын күтіп баптау, т.б.)

Ендігі жерде қандай құбылыстарға зейін аудару қажеттігіне бағыт беріліп “Керемет көктем” әңгімесін мәтінімен оқушылардың табиғатты бақылау нәтижесінде жинақталған материалды қоса талдау жасау арқылы бұл бір-біріне ұқсас материалдар бір мазмұнға біріктірілді. Мысалы:

“Керемет көктем” мәтінін екі мағыналы бөлікке бөлінген талдау кезінде бақылау нәтижесінде жинақталған материалдарда осы екі бөлік бойынша сұрақ-жауап мынадай жүйеде жүргізіледі.

Мәтіннің бірінші бөлімі бойынша жұмыс

Мұғалімнің сұрақтары:	Оқушылардың жауаптары:
<p>1. Әңгімеде қар жайында не айтылған?</p> <p>2. Көк туралы не жазылған?</p> <p>3. Құстар туралы не айтылған?</p> <p>4. Бірінші бөлімде көктемнің неше белгісі сөз болады?</p> <p>5. Қар қалай ериді?</p>	<p>1. Қар кетті.</p> <p>2. Қылтыйып көк те көріне бастады. Шөптің кішкентай жапырағы көрінеді.</p> <p>3. Құстар – көктем хабаршысы. Құстар аспанда қалықтап ұшып, қанатын кең сермейді.</p> <p>4. Үш белгісі сөз болады: а) қардың кетуі; ә) шөптің шығуы; б) құстардың келуі.</p> <p>5. Күн біртіндеп жыли бастады. Таңертең қар қатты болғанымен, түс кезінде ериді. Қар асты тола су. Су ағып жылғаларға құяды. Жылғадағы су сылдырлап ағады. Үй шатырлары мен беткейлерде қар еріп біткен. Тек шұңқырлар мен жылғаларда ғана қалған. Кешке қар қатаяды. Өйткені күн батады. Су бетін жұқа мұз басады.</p>

Мәтіннің екінші бөлігі бойынша жұмыс.

Мұғалімнің сұрақтары:	Оқушылардың жауаптары:
<p>1. Дәрмен неге ерте оянды?</p> <p>2. Дәуреннің әжесі керемет көктемнің келуін қалай түсіндірді?</p>	<p>1. Ауылдың көшесін дүрілге толтырып трактор өтіп барады.</p> <p>2. Дәуренді далаға шығарып тракторлар керуенін нұсқап: Өне егіншілер дабылы соғылған, керемет көктемнің келгені.</p>

3. Әңгіме неліктен керемет көктем деп аталады?	3. Көктемде жер жыртылып, егін егіледі.
4. Адамдардың көктемгі іс-әрекет-терін баяндап беріңдер?	4. Күн қызып, жер дегдиді. Көктем шығысым дикандар жер жыртып, егін егеді. Бидай, арпа сұлы, жүгері себеді. Бұлар – дәнді дақылдар. Адамдары бақтарына өрік, алма, жаңғақ, шие, алмұрт, жүзім көшеттерін отырғызады. Ал бақшаларына қияр, асқабақ, қызықша, сәбіз, пияз, қауын, қарбыз егеді. Жеміс ағаштарының түбін қопсытып, әктейді.
5. Көктемді неге “керемет көктем” деп атауға болады?	5. Көктемде күн жылынып, жер көктейді, ағаштар бүршік жарып, жеміс-жидектер гүлдейді. Алыс жерлерден құстар ұшып келеді. Дикандар жер жыртып, егін егеді. Ауыл адамдары бақтарына жеміс ағаштарын отырғызып, бақшаларына көкөніс отырғызады.

Міне, осылайша, оқушылар мәтіннің әр бөлігіне өздерінің бақылау нәтижесінде жинақтаған мәліметтерді бейнелейтін бүтін тілдік компоненттерді (өзара байланысқан сөйлемдер тобы) біртіндеп біріктіреді. Әр түрлі білім көзінен жинақталған материалдарды мұқият талдай отырып әр бөлікке кіріктірген соң, оқушылар кеңейтілген әңгіме мазмұнын байланыстыра отырып, ауызша баяндау мүмкіншілігіне ие болады. Мәтіннің әр бөлігі талданған соң, әңгімені қайта оқымай, бүтін логикалық байланысқа түскен материалды байланыстыра жазып шығу тапсырылады.

Жазу жұмысының мұндай түрі оқушыны дәл, нақты жауап беруге дағдыландырып, сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге жаттықтырады, тіл стильдерінің тілдік құралдарын ерекшеліктерін біліп, қолдана білуге төселдіреді.

Тұжырымдағанда, жазу жұмысының сұрақ-жауап түрі оқушыны дәл, нақты жауап беруге дағдыландырып, сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге жаттықтырады, мәтін құрастырудағы тілдік құралдардың ерекшелігін ажыратып, қолдана білуге жаттығады. Ал әр түрлі білім көздерінен жинақталған материалдарды біріктіріп, тұтас мәтін құру оқушылардың сөздік қорын молайтып, байланыстырып жазу дағдыларын қалыптастырады, ойлау үдерісінің дамуына ықпалын тигізеді.

2.4. Мазмұндама жаздыру

Мәтін құрастыру жұмысының ең қарапайым түрі – мазмұндама. Өйткені онда оқушылар даяр мәтін бойынша жұмыс жүргізеді.

Әдістемелік әдебиеттерде мұның мынадай түрлері көрсетіледі: а) мәтінге жуық немесе толық мазмұндау; ә) Қысқаша мазмұндау; б) мәтіннен цитата немесе эпиграф келтіре отырып мазмұндау; в) берілген мәтінге өз ой қорытындысын қоса мазмұндау. Бұларға қоса стильдік мақсатта, әр түрлі жазба әдеби тіл стильдері бойынша мазмұндама жүргізуге де болады. . Сондықтан Р.Ә.Шаханова сөйлеу жаттығуларының негізі қатысымдық бағыттағы жаттығулар болу қажеттігін айтады.¹

Мектеп тәжірибелерінде мазмұндама үшін көлемі шағын мәтіндер беріліп, оны мұғалім 2-3 рет қайыра оқып беру арқылы жаздырады. Сондықтан оқушылардың жұмыстарында мәтінді сөзбе-сөз қайталап, дайын фразаларды «көшіріп» бере салушылық жиі ұшырайды. Бірсыпыра оқушылар мәтіндегі ұмытып қалған кейбір сөйлемдерді екінші сөйлемнен дұрыс, жалғастыра алмай, оларды байланыссыз тіркей салады.

Олай болмау үшін мазмұндама жүргізуден бұрын: мәтінді түсініп оқу, қабылдау, мәтінді негізгі бөлімдерге бөліп, оған тақырыптар беру, жоспарын жасату, тілін талдау, мәнерлеп оқыту тәрізді жұмыстарды орындатқан жағдайда оқушылардың жазу жұмысы мәтінде барды қайталау болмай, нағыз

¹ Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты қатысты оқыпудың ғылыми-әдістемелік негіздері. П.ғ.д.дисс. автореф. –Алматы:2002, -24 бет


шығармашылық жұмысқа айналады. Бұл тұрғыдан мазмұндама жүргізудегі мәтінді оқып түсіну мен қабылдау арқылы есте қалғанын қайта жаңғырту амалдарын қарастырамыз.

Тәжірибеде жазбаша қарым-қатынаста мынандай жағдаяттар жиі кездеседі: мәтіннің кейбір бөлімдерін оқушы дұрыс түсінбейді немесе жазушының қолданылған мағына, мәні бойынша емес басқаша қате түсінуі мүмкін. Жазбаша қарым-қатынастың психолингвистикалық негізінің бірі - жазушының мәтіні мазмұны автордың мәні бойынша дұрыс қабылдау болып табылады. Өйткені мәтінді мағыналық тұрғыдан дұрыс қабылдау жазбаша сөйлеу әрекетінің жалпы заңдылығы болып саналады.

Мәтінді қабылдау дегенде, оқығанда бастапқы сөздердің байланысы мен мәнін игеру болап табылады. Сондықтан қабылдау түсінумен байланысты. Оны Б.Мучник: «Однако, мы рассматриваем такое восприятие, которые не разрывно с пониманием, т.е. восприятие именно смысла текста, смысловое восприятие», - деп көрсетеді.¹

Мәтін мазмұнын дұрыс қабылдаудың екінші бір жалпы заңдылығы – сөйлем құрылымының стилистикалық жағынан дұрыс болуы, яғни сөйлемде келтірілген деректердің (факт) жүйелі түрде құрылған сөйлемде дұрыс қабылданады. Ал стилистикалық жағынан дұрыс құрылмаған сөйлем ойды қабылдауда қателеге ұрындырады. Сөйлемдегі деректерді түсінбеу әрекетін Л.В.Щерба “кері әсер ететін тілдік материал” деп көрсетеді. Сондықтан біз мәтін мәнін қабылдауды сызбаға түсіргенін былайша көрсетуге болады:

Кесте №5. Мәтінді қабылдау жүйесі.




¹ Мучник Б.С. Психологические основы развития русской письменной речи. Учащихся казахской школы. –Алматы: Мектеп, 1981, 47 ст.



Бұл кестедегі соңғы деректердің тобы мәтінді ұғымдық қабылдау амалдарының жалпы заңдылықтарын ашуға болады. Яғни тілдік деректердің негізінде қабылдаудың заңдылықты қателікке ұрынуы ғылыми және тәжірибелік мәселе болып табылады. Өйткені мәтінде берілетін мәнді қате түсінуді болдармау үшін тілдік деректермен арнаулы жұмысты жүйелі жүргізудің қажеттілігі келіп шығады. Бұл мәселе бойынша оқушылардың шығарма мәтіндері, жазба жұмыстары талданды, ұғымдық қателер белгіленеді.

Мәтіндегі қате ұғымға әкелетін сөйлемдерді біз зерттеуімізде екі топқа бөліп қарастырдық: 1) сөйлем құрамындағы жеке сөздің мәнін түсінбеуден туындайтын; 2) жазушының сөздерді бір-бірімен байланыстырып, тіркестіруден туындайтын қате түсінуі. Ал бұл екі жағдай әрі қарай бөлшектеуді мына сызба арқылы нақтылауға болады:



Қорыта келгенде, оқушылардың жазбаша сөйлеу әрекетін дамыту үшін мәтінді түсініп оқу арқылы автордың мақсат еткен ой-пікірін мазмұн-мәнін дұрыс қабылдау икемділігі мен дағдысын қалыптастыруға болады. Бұл психолінгвистикалық негіздерге ойлау амалдарына сүйенеді.

Мазмұндау оқыту үдерісінде ерте басталады. Жазбаша мазмұндаманың түпкі мақсаты мәтінді өз сөзімен түсінігінше әңгімелеу. Бұл тұрғыдан мәтін жазбаша сөйлеуге үйретуде ерекше қызмет атқарады. Сондықтан ең алдымен оқушы мәтін мазмұнын түсініп игеру керек. Ол үшін оқушы мәтіндегі лексикалық құрамын игерген сол сөздердің мәтіндегі бір-біріне байланысына мән беріп, грамматикалық көрсеткіштердің қызметін ескеріп, әр сөйлемнің мәнін түсіну арқылы мәтін мазмұнын игереді. Соңынан жадына сақтап, талап деңгейінде мазмұндайды.

Тұжырымдай келгенде, оқушылар оқыған материалдардың мазмұнын дұрыс қабылдап ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар оқылатын материалдардың сипатынан, оқушылардың жас ерекшелігіне, дайындықтарына, білім мен дағдылану дәрежесіне байланысты іріктеледі. Оқушылар мәтінді дұрыс қабылдап, жүйелі мазмұндау үшін негізінен мынадай жұмыстар ұйымдастырылады:

1. Мәтінді қабылдауға дайындау.
2. Мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу.
3. Мәтінді оқу.
4. Мәтіннің жоспарын жасау.
5. Мәтіннің мазмұны бойынша шығармашылық жұмыстар.
6. Оқыған мәтіннің мазмұнын жазу.

Тіл стильдерін үйрету мен жаттығу барысында жаздырылатын мазмұндамаларға стильдік сипат береміз. Онда жалпы мазмұндама алудың ұстанымдарын сақтай отырып, оқушылардың назары кейде мәтіннің жазылу стиліне аударылады.

Мазмұндама жазуда оқушыларға қиындық келтіретін жұмыстың бірі – ол мәтіннің стилін өзгертіп мазмұндау болып есептеледі. Ол үшін оқушылардың тіл стильдері туралы жүйелі білімі, дағдысы болуы шарт. Мәтіннің стилін өзгертіп жазуды стильдік талдаудан бастаған жөн. Өйткені, сол мәтіннің қай стильде жазылғандығын, оның тілдік ерекшеліктерін білген оқушы ғана оны өзгертіп жаза алады. Сонымен бірге кейбір күрделі сөйлемдерін варианттарымен ауыстырып немесе оқушылардың түсінігіне қиын сөздер мен тіркестері түсіндіріліп, даярлық жұмысы жүргізіледі. Кейде мазмұндауға өте шағын мәтіндер таңдалып, стильдік ерекшелігі айқын ажыратуға болатындай түрі алынады.

Тұжырымдай келгенде, мазмұндамаға стильдік талап қоя жаздыру оқушылардың стилистикадан оның ішінде стильдерден білімдерін кеңейтіп, түсіне білуге дағдыландырады. Сол арқылы тіл мәдениеті артып, сауатты жазу мен сөйлеуге дағдыланады.

2.5. Шығарма жаздыру

Шығарма – белгілі бір автордың өз ойынан жазған еңбегі. Шығармалар түрлі-түрлі болады: саяси, ғылыми, көркем әдеби, публицистикалық т.б. Қоғамдық үлкен мәні бар, жұртшылыққа танылған шығармалардан бастап газет-журналдарға жазылған кіші мақалаға дейінгі еңбек шығарма деп аталады. Сол сияқты мектеп оқушысының қазақ тілі әдебиетінен орындайтын шығармашылық жазба жұмысы да шығарма делінеді.

Шығарма – мектепте орындалатын өте жауапты да күрделі жұмыс. Оқушының білім-танымдық дәрежесін, пікірін жүйелі жеткізе алуын, тәлім-тәрбиелік және қабілет шамасын байқататын жазбаша түрдегі ой еңбегі.

Қазақ тілі мен әдебиетінен орта мектепке арналып жасалған жетілдірілген бағдарламада: «8-9-сынып оқушыларына жаздыратын шығарма түрлері тарихи курс мақсатына лайық тақырыптық (талдау), публицистикалық және әдеби-шығармашылық», - деп, үш салаға бөлетіндігі көрсетілген.

Бұл пікірлерге негіздеп, жазбаша тілді дамыту үлесін оқушы шығармасы тақырыбы мен мазмұнына қарай негізінен, екіге бөлуге болады:

- 1) көркем әдебиет туындылары бойынша шығарма;
- 2) оқушының өз іс-әрекеті және қоршаған орта жөніндегі шығарма.

Жоғары сыныптарда жиі жазылатын шығарманың түрі-көркем әдеби туындылар бойынша шығармалар. Оған көркем әдебиет кейіпкерлерінің образдарын ашуға және оның маңызын талдауға байланысты шығармалар жатады. Мысалы, белгілі бір кейіпкерге мінездеме беру; белгілі бір көркем шығарманың өзіндік ерекшелігі мен мәні, жазушы стилі мен оның тілі, композициясы, талданып отырған көркем шығарманың әдебиет тарихындағы орны, белгілі бір ақын я жазушының өз кезеңінде қазақ әдебиетіне қосқан үлесі т.б. Әдеби туындылар жайындағы шығармалардың дені мектеп бағдарламалық материалдарды қамтиды. Сол себепті мұндай шығармалардың мазмұны оқулық аясынан онша көп ауытқи қоймайды. Сондықтан жазбаша шығарма жазуға жаттықтыру осы түсініктеріне де байланысты жүргізіледі.

Оқушының ой, іс-әрекеті: басынан кешкен оқиғасы, қоршаған орта жөніндегі өмірден көргені мен түйгені, олар жайында алған әсері, табиғат пен тұрмыс жайындағы ой-пікірлері, арман-қиялы т.б. қамтиды

Мектепте оқушыларды шығарма жұмыстарына төселдіру көптеген жаттығу жұмыстарын жүргізуді, бәрінен бұрын жазба жұмысының өзіне тән ерекшелігін жете меңгеруді талап етеді. Өйткені оқушылардың жазба жұмыстары олардың шығармашылық еңбегі болып табылады. Шығармашылық жұмыс оқушылардан біріншіден берілген тақырыпты ашу үшін қажетті материалдарды жинақтап, таңдап ала білуді, екіншіден жиналған материалды тақырыптық ерекшелігіне сай дұрыс және жүйелі түрде орналастыруды, үшіншіден материалды әдеби тілде бере білуді талап етеді.

Оқушыларда бұл аталған дағдыларды қалыптастыру мақсатында дайындық жұмыстарын дұрыс жүргізуі тиіс. Демек оқушылар оқыту үдерісінде:

- 1) ұсынылған алғашқы кезеңдерде өздеріне етене таныс, оқушылардың қызығушылығын тудыруы;
- 2) берілген тақырып бойынша қамтылатын мәселелер анық, дәл көрсетілуі;
- 3) ұсынылған тақырыптың негізгі идеясын ашудың нақтылы жолдары көрсетілуі ;
- 4) оқушылар көркем әдебиеттен алған мәліметтерді басқа да білім көздерінен (газет, журнал т.б.) алынған материалдармен толықтыру икемділігіне қалыптастырылуы;
- 5) оқушылар берілген тақырыпқа сай материал жинақтау мақсатында табиғат құбылыстарына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне т.б. бақылау жүргізуді игеруі;
- 6) берілген тақырыпта талапқа сай шығарма жазу үшін басқа да пәндерден алған материалдар мен мәліметтерін пайдалана білуге жаттықтырылуы тиіс. Ең соңында, оқушылардың алғашқы жұмыстарындағы байқалған қателіктер мен жетістіктер үнемі есепке алынып, кемшіліктерді түзету жолдарын үнемі көрсетіліп отырса, сонда ғана жұмыстан дұрыс нәтиже шығатыны сөзсіз.

II тарау. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары

1. Сөйлеу мәдениетінің негізгі сапалары

Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Әрине, мұндайда тілдің эстетикалық, әдемілік жағынан әсер етуі басты назарға алынады. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты, сөйлеу, жазу үстінде де адамның, әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасына ғана емес, соған қоса, тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралу тиіс.

Тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілер мен сапалар болады. Олардың бастылары мыналар: дұрыстық, дәлдік, логикалық, тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы және қисындылық.

1. Сөздің дәлдігі. Сөздің дәлдігі немесе айқындығы дегеніміз – сөздің реальды шындықтығы заттар мен құбылыстардың атауларына барынша дәлме-дәл келуі. Сөздің дәлдігі, бір қарағанда, сөздің дұрыстығына ұқсас көрінеді. Дегенмен, олардың арасындағы айырмашылықты білудің елеулі мәні бар. Айталық, бір адам екіншісінің қал-жағдайын сұрағанда, «жаман емес» деген жауап алуы әбден мүмкін. Бұл жауап – сөз дұрыстығы тұрғысынан талапқа сай келеді, өйткені олар - әдеби тіл нормасына сәйкес айтылып тұр және дағдыда оны айтуға үйреніп қалғанбыз. Демек, жауап берушінің халінің жағымды екеніне көзіміз жетеді.

Ал, сөздің нақтылығы талабынан келетін болсақ, бұл жауап қанағаттандырмайды, өйткені сол (жаман емес) – тің мағынасы көп: оған «орташа», «жақсы», тіпті «өте жақсы» деген ұғымдар да сыяды. Объективті баға беру ыңғайында әлгі «жаман емес» – тің не орташа, не жақсы, не өте жақсы екендіктерінің біреуін дәлелдесек, сөйлеу мәдениетіндегі дәлдікті, айқындықты пайдаланғанымыз болып шығады.

Әлбетте, тұрмыста, көпшілік алдында сөйлеуде, ресми құжатта орын алатын сөз қолданудағы дәлдік пен көркем әдебиеттегі дәлдікті қатар қоюға

бола бермейді. Әрине, бұл ретте де сөз шеберлері жалпы халық тілінде бар сөздерді орнымен жұмсайды. Дегенмен, көркем шығарманың эстетикалық қуатын, бейнеліліктің дағдылы дәлдіктен біршама өзгешелігі барын ескермеске болмайды. Мәселен, Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат. Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат» деген өлең жолдарын сауатты қазақтардың бәрі біледі деуге болар. Осындағы сыр мен сымбат сөздерінің дәл орнында пайдаланылып тұрғанына ешкім күмәнданбайды. Демек, сөзді нақтылы қолдану дегеніміз, сайып келгенде, синонимдік қатардың ішіндегі автор ойын дәл бере алатын сөзді таңдау болып табылады. Сонда ұлы ақынның айтқалы отырғаны адамның ішкі дүниесі мен сыртқы бітімі жайында екенін ескерсек, сырға да, сымбатқа да синоним болатын сөздер жеткілікті. Ал, ол сөздерді данышпан ойшыл білмеді деуге ешкімнің аузы бармайды. Солардың ішінен осы екі сөзді таңдауы ойға шак, есте сақтауға өте қолайлы болып отыр ғой.

Қараңғы қазақ көгіне

Өрмелеп шығып, кім болам!

Қараңғылықтың кегіне

Күн болмағанда, кім болам? – дейді, «Шәкірт ойы» деген өлеңінде С.Торайғыров. Табиғат заңы бойынша адамның күн болуы – мүмкін емес нәрсе, бірақ ақынның қиялы, сөздің ауыспалы мағынасын – бүкіл әлемге жылуы мен жарығын аямай төгіп тұрған планетадай жақсылық жасайтын арманын орындауды алдына мақсат етіп қойған, лирикалық кейіпкердің сөзіндегі күн сөзі дұрыстығы жағынан да, дәлдігі жағынан да орайын тауып жұмсалып отыр.

Көркем әдебиет шығармаларына автордың шеберлігі мен дүниеге көрқарас көкжиегінің өрісіне байланысты, бір қарағанда, сенімсіз көрінетін жайлардың өзі шындыққа айналады. Демек, сөзді айқын қолдануы арқылы оқырманын тартып отырады.

Сөздің дәлдігі кей реттерде халықтың, ұлттың қалыптасқан дағдысынан да шығып жатады. Тек атаулар мен қимыл-әрекетке байланысты ғана емес,

сын, белгіні білдіруде де нақтылықтың мысалдарын қазақ сөздерінен табуға болады. Мәселен, қызыл сиыр деген ұғым бар, бірақ осы түстес биені жирен бие дейді; сол сияқты, қоңыр сиыр дегенге ешкім таңданбас еді, ал осы жылқыға қатысты болғанда торы сөзі айтылады, екеуі де ақ түстес болса, сиырға (қойға, түйеге т.б.) қатысты сол сын есім сақталады да, жылқыға келгенде, мәселен, көк бие дейді.

Сөз мағынасындағы осындай айқындықты, нақтылықты сақтаудың маңызы, әсіресе, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, көпшілік алдында сөйлегенде зор маңызға ие болады, тыңдармандардың назарын аударуда барынша арта түседі. Ал логикалылық деп ойдың қайшылыққа ұрынбауын айтамыз.

2. Сөздің логикалылығы. Сөздің логикалылығының сақталмауына көптеген себептер болады. Былайша айтқанда, жекелеген сөзге немесе сөз тіркесіне логикалық екпіннің түсіре айтылуы – сол себептердің бірі ғана. Логикалылықтың сақталмауы көп жағдайда синтаксистік құрылымға да байланысты болып келеді. Сөйлем ішінде есімдіктердің орнымен қолданылмауы ойдың түсініксіздігін туғызады: Көп адам соңғы жылдары кітап дүкендерінен қажетті кітаптарын таба алмай жүреді. Олардың қажеттігін сауда орындары тиісті есепке ала бермейтін сияқты (газеттен). Бір қарағанда, түсінуге қиындық келтіреті рас: кітап дүкендерінің қажеттігін бе, әлде кітаптардың қажеттігін бе, қайсысын есепке алу керектігін күңгірттеу сезіледі.

Ойды жүйелі баяндауда абзацтың атқаратын қызметін ескермеуге болмайды. Сөйлемдердің абзацтарға бөлінуі жазушыға да, оқырманға да тиімді: ойдың нақтылығы да, логикалылығы да, соларға байланысты жүйелілік те сақталады, сөйтіп, жазғанда да, ой тиянақты, шымыр болады да, оқығанда да, жеңіл келіп, қабылдауға оңай болады. Олай болмағанда, соншалықты үлкен қателік орын алмаса да, ойды бірден түсінуге қиындық келтіретіні білініп тұрады.

Манадан бергі шашыранды түрде айтылып жатқан пікірлерімді жинап көрсем, «Абай» романы туралы мына пікірдемін – деген, М.Әуезов:

«Абай» романы үлкен ұсынысқа толық жауап беретін қазақ әдебиетіндегі бірінші роман: «Абай» шын мағынасындағы европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған.

«Абай» тарихи-қоғамдық тартыстарға құрылған, шын мағынасындағы қазақ халқының бір дәуірдегі шын өмірін, елдігін түгел көрсете алатын роман. Ел өмірін көрсетем деген еңбектер, қай дәуірді алса да, осындай нәзік сезіммен жазылатын болсын.

Қазақтың әр жазушысы «Абай» арқылы әдебиетіміз жаңа бір сатыға көтерілгенін ескеріп, қолына қалам алғанда, сол сатыға көтерілуді, сол саты арқылы одан да жоғары көтерілуді арман етсе екен деймін!»

Тегінде, ой мен сөздің логикалылығының сақталуы функциональдық стильдердің барлығында да керек, тіпті ауызекі сөйлеу тілінде қай мәселеге мән бере айтудың, демек, әңгімелесуші адаммен түсінікті түрде қарым-қатынас жасау да тіл мәдениетіне қойылатын талапты орындау болып табылады. Бұл, екінші жағынан, сөйлеушінің мәдениеттілігін де танытады.

3. Сөздің тазалығы. Сөздің тазалығы дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білу.

Тіл тазалығының да тілдің дұрыстығына ұқсас жерлері кездеседі. Тіл мәдениетінің ең басты коммуникативтік сапаларының бірі болғандықтан, сөздің тазалығына ерекше мән беріледі. Дәлірек айтқанда, сөзді қолданғанда, баламасы бар сөздердің әдеби тілге қатысты бірден-бір ұғынықты ана тілінің тазалығын танытатын сөзді таңдай білу керек. Былайша айтқанда, тілді шұбарлауға бармаған жөн. Ал, тілдің тазалығын бұзатын, оған нұқсан келтіретін факторлар аз емес. Оларға, мәселен, ана тіліндегі баламасы бола тұра, басқа тілдерден енген сөздерді қалай болса солай жұмсау (варваризмдер), жергілікті мәні бар сөздерді (диалектизмдер) талғамсыз қолдану, мамандыққа байланысты шағын ортада кездесетін сөздер

(профессионализмдер), сондай-ақ құрбы-құрдастардың, әзіл-қалжыңы аралас адамдардың арасында сөзге кірістірілетін тілдік құралдар (жаргонизмдер) сияқты жайлар жатады.

Әрине, бұл аталғандар мүлдем қолданыстан шығып қалуға тиіс деген жансақ ұғым тумасқа керек. Әңгіме олардың жөнсіз пайдаланыла бермеуінде болып отыр. Ал, көркем шығармадағы кейіпкер сөздерінде, тиісті ортаға байланысты олардың жұмсалыу реттері болатынын теріске шығармаған жөн.

Тіл тазалығына кедергі келтіретін ілгеріде айтылған жайлардың бірі – варваризмдер. Қазақ тілінің қазіргі қолданылу жағдайында басқа шет ел тілдерінен тілімізді шұбарлап жатқан құбылысты байқау қиын. Айталық, өткен ғасырларда орыс тілін француз тілі шұбарлағаны белгілі. Біздегі кемшіліктердің біріне кейбір қазақ қыздары мен жігіттерінің орыс сөздерін оңды-солды жұмсай беретіндігін жатқызуға болар еді. Бұдан, қазіргі, әсіресе, соңғы жылдары мерзімді немесе кәсіби баспасөздерде жиі айтылып жүргеніндей, орыс тілін жат тіл немесе зиянды тіл деп атауға негіз жоқ.

Ондаған жыл орыс тілі арқылы әлемдік тарихпен, мәдениеттің үлгілілерімен танысқанымыз белгілі. Ол тіл арқылы басқа ұлт өкілдерімен түсінісіп, сөйлесеміз. Алайда, осы тілді пайдалану жағдайында ескерерлік жайлар да байқалады. Оның аты – орыс сөздерін орнымен қолдану, жөн-жосықсыз әңгімеге араластыра бермеу деген сөз. Соған қарамастан, кейбір азаматтар варваризмге ұрынады, демек, қазақ тіліндегі баламасы белгілі бола тұра, орыс сөзін қолдану ол тілді де, ана тілін де сыйлау деп есептелмесе керек. Айталық, студент өміріне қатысты емтихан қашан болар екен? Сынақ тапсырдың ба? Сабақ кестесі ілініп пе екен? Тәрізді сөз оралымдарын экзамен (егзам) қашан болар екен? зачет (зашот) тапсырдың ба? Сабақ расписаниесі ілініп пе екен немесе сабақ расписаниясы ілініп пе екен түрінде жиі айтылады. Мұны, бір қарағанда, ауызекі сөйлеудегі алақұлалық деуге де болар. Шын мәнінде тіл мәдениеті үшін жүргізілетін күресті ауызша сөйлеу кезінде де естен шығармаған дұрыс болар еді.

Таза ана тілін шұбарлайтын екінші фактор – жергілікті тіл ерекшеліктері. Шындыққа келгенде, диалектизмдер де ана тілінің байлығын, кең тынысын, зор ауқымын танытады.

Тіліміздің байлығының көрінісі бола тұра, диалектизмдердің қолданылуында белгілі заңдылықтың сақталғаны дұрыс. Атап айтқанда, жергілікті ерекшелігі бар сөздерді бірден әдеби тіл ретінде қолданудың біршама қиындығы бар, себебі тыңдарманға немесе оқырманға бірден түсінікті бола бермейді. Тіпті әңгіме диалектизмнің түсінікті немесе түсініксіздігінде ғана емес, дағдыдағы қолданыста болмаған соң, тіл шұбарлаушылық көзге ұрып тұрады.

4. Сөздің мәнерлілігі. Мәнерлілік сөздің эмоциональдық және экспрессивтік қасиеттеріне, екінші сөзбен айтқанда, сөздің стилистикалық бояуына тікелей байланысты.

Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының тыңдарманын немесе оқырманын қызықтыра білуі, сөзін ұғындыра алу қабілеті.

Мұндай жағымды қасиет көпшілік алдында лекция оқитын оқытушылардың, баяндамашылардың, жазушының, қоғам қайраткерлерінің сөздерінде, баспасөз беттеріндегі материалдарда міндетті түрде болуы керек. Сөздің мәнерлілік қасиетін бойына сіндіре білген адам шешендік өнердің өкілі деп саналуға лайық. Таптауран болған, баршаға талайдан таныс сөз оралымдарын орынсыз қайталап, мезі етпей, сөйлеуші немесе жазушы әр сөздің жаңа қырын, соңы тіркесті таба білсе, мақсатына жетері анық. Классиктер мен көрнекті жазушылардың шығармаларын оқығанда, эстетикалық ләззет алуымыздың бір себебі сөз мәнерлілігін авторлардың қисынды пайдаланылуында жатыр.

Проф. Б.Головин сөздің мәнерлілігінің бірнеше шартын сенімді дәлелдеп көрсетеді. Осы шарттар орындалғанда, ойды барынша шешен жеткізудің мүмкіндігі туады. Ол шарттар мыналар: ойлаудың, сөйлеушінің сана қызметінің дербестігі; не туралы айтылып тұрғанына және ол сөздің кімге

бағыттталып, арналып тұрғанына назар аудару; сөздің мәнерлілік құралдарын жақсы білу; тілдегі функциональдық стильдерді бір-бірінен айқын ажырата білу, тілдік дағдыларды қолдануда тәжірибе жасап отыру, жаттығу ісі; мәнерлілікті сақтау үшін психологиялық қажетті жағдайларды жасау; сөйлеушінің не жазушының өзінің мәнерлілікті қамтамасыз ететін құралдарды игере білуі де, осы шарттардың барлығы бір жерден шығып, біріккенде ғана, сөздің мәнерлілігінің күш-қауаты, қолданылуының қолайлылығына көз жеткізуге болады.

Тілдегі мәнерлілікті сақтау үшін функционалдық стильдердің ерекшеліктерін есте ұстау өте қажет, өйткені әр стильде мәнерлілікті тудырудың тәсілдері әр түрлі. Ондай аражікті айыра алмаған жағдайда бір стильдегі мәнерлілік тудыру тәсілдерін екінші стильдегі мұндай тәсілдермен шатастырып алу қаупі туады да, сөйлеушінің салқын қанды сөзі күлкіге айналып кетуі де мүмкін.

Шынайы сөз шеберлері әлдебір оқиғаны тыңдаушысына немесе оқырманына жеткізуде ғана емес, табиғат көрінісі оқырманның көз алдына анық жайып салғандай, сурет салуға бейімдегендей етіп бейнелейді. Осы ретте М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінен үзінді оқиық:

«Қаңтар айының аяқ кезі. Күн батуға тақап қалған мезгіл Күнбатыс батуға айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып қызыл торғынның түсіндей болып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған аласарақ бұлттардың бір жағы ғана жұқалаң қызылға асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған аз ғана шұбар бұлттар кең жаһанның жүзіне перде болған жоқ. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астында қызғылттанып көрінеді».

Осы көріністі әдеттегі ауызекі сөйлеу түріндегі сөз қолданыспен жеткізсек, бірер сөйлем ғана болар еді және оның тыңдарманды баурап аларлық қасиеті болмас та еді. Ондай қасиет болған күнде де ол көріністің

суреті сөзге шешен адамның шеберлігі арқасында және эмоциональдық сөздердің араласуымен жүзеге асары анық. Ал мына мәтіндегі қас шебердің, ұлы суреткердің таңғажайып шығармашылығының сыры да осында: табиғаттың сан қайталанып жататын бір көрінісін ешбір субъективтік сезімге берілмей, қаз-қалпында сөзбен сурет салу арқылы оқырманын тамсандырып отыр.

5.Сөздің байлығы. Сөздің байлығы дегеніміз – әркімнің өз ана тілінің бар мүмкіндіктерін еркін пайдалана білуі.

Сөздің байлығы туралы сөз болғанда екі жайды ескеру қажет болады: біріншіден, қай – қайсысымыздың да ана тіліміздің байлығын игеріп, пайдалана білуіміздің маңыздылығы; екіншіден, сол байлықты игере отырып, өз тарапыңнан ана тілінің баюына үлес қосудың қажеттігі туралы мәселе.

Біріншісі – қиын да болса, сол тілді білетін, ана тілім деп есептейтін барша азаматтың борышы мен парызы. Ал, екіншісін екінің бірінен талап ету мүмкін емес, өйткені ол дарындар мен таланттардың ғана қолынан келетін іс.

Тілдің байлығын жақсы игермей тұрып, оның даму барысына назар аудармай, тіл мәдениеті үшін күресу немесе тіл мәдениетін сақтау өте қиын. Кең көлемде алу керек болса, тіл байлығы ұғымы ілгеріде айтылған тіл мәдениеті сапаларының барлығына да тікелей қатысты. Адамның тіл арқылы қарым-қатынас жасау барысында сөз байлығы неғұрлым мол болса, ол солғұрлым ойын еркін, қиналмай және әсерлі жеткізе алады, тыңдарманын да, оқырманын да тарта біледі. Жай ғана оқытып, тыңдатып қоймайды, сөзін еріксіз тыңдауға, жазғанын бас алмай оқуға әдеттендіріп, «бұғаулап» тастайды.

Тілдің байлығы бәрінен бұрын лексикадан, семантикадан көрінетіні белгілі, яғни сөздік қоры бай адамның сөйлеуі мен жазуынан да тіл байлығының байқалып отыратындығы белгілі. Екінші жағынан, сол лексикалық единицаларды қолдана білу де тілдің байлығын танытады, сондықтан да сөздің байлығын кейде сөздің әр түрлілігі (сан алуандығы) деп атаушылық та бар. Оның мәнісі қандай жеке сөзді алсақ та, оның дара

тұрғандағы мағынасы болады да, оның басқа сөзбен тіркесте жаңа қырынан ақтарылатын мағынасы да кездесіп отырады. Бұл, әрине, сөз қолданушының шеберлік дәрежесіне байланысты. Біреулердің жай ғана әңгімесін тұщынып тыңдайтынымыздың, енді біреулердің, мезі қылатынының сыры осында болса керек. Демек, бұдан кімнің де болса сөздік қорындағы тілдік құралдар қаншалықты мол болғанымен, оның орнымен жұмсалуына да баса көңіл бөле білу керек деген ой туындайды.

Зерттеушілердің дәлелдеуіне қарағанда, ұлы ақынымыз әрі ойшылымыз Абайдың шығармаларында 6293 сөз кездеседі екен. Ал, 46596 сөз қолданыс кездеседі екен. Соның өзінде (негізгі лексикалық единицалардың қолданылу санына қарағанда, 3 есе болғанына қарамастан) сөз қолданыстың барынша саналы екенін аңғару қиын емес, дәлірек айтқанда, данышпан ақынның кез келген сөзді қалай болса солай жұмсай бермегені аңғарылады. Айталық, ең жиі қолданылған айт (107 рет), ақыл (188 рет), ал (600 рет), ат (133 рет), бай (94 рет), бала (191 рет), бәрі (192 рет), бер (338 рет), бой (120 рет), бол (1239 рет), бұл (334 рет), біз (123 рет), бір (575 рет) тәрізді санаулы сөздердің (ал бұл сөздерді бірнеше рет қайталап қолданбау мүмкін емес) жиі қолданысқа түскені болмаса, көп жағдайда сөздер санаулы ғана қайталанған.

Егер Абай өмір сүрген дәуірді ескерсек және ол кезде қазақ әдеби тілінің қалыптаса қоймағанын ой елегінен өткізсек, ұлы ақынның маңдайына ұлттық тіліміздің тазалығын сақтау, басқа тілдермен шұбарланған әрекеттерден тазартып, әдеби тілдің негізін салу бақыты тигенін атап өтпеске болмайды.

Абай қазақ тілінің лексикасын байытып, тазартып қана қойған жоқ, сонымен бірге, сөздердің тіркесімі, сөйлем құрау тұрғысынан, демек, қазақ синтаксисінің құрылымы жағынан да байытты. Бір ғана жүрек сөзімен жасалған талай тіркестердің өзі ғана осыған мысал бола алады. Жалпы азаматтық әуендегі өлеңдерімен бірге, сатиралық шығармаларында да сөз қолданудың өнегесін көрсетіп кетті.

6. Сөздің қисындылығы. Сөздің қисындылығы деп жеке сөздің, сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың өз орнында қолданылуын айтады.

Сөздің қисындылығын функциональдық стильдерден бөлек қарауға болмайды. Әсіресе, функциональдық стильдерде сөздердің қалай жұмсалыу керектігі білініп тұрады. Мәселен, ауызекі сөйлеуде ресми стильдегі сияқты стандарт тілмен қарым-қатынас жасау күлкі туғызар еді. Сатиралық немесе юморлық мақсатта олай етудің де керектігі болар, бірақ тура мағынасындағы сөздің пайдаланылу табиғатына қарағанда, әр стильдің өзіне лайық синтаксистік құрылымның болғаны жөн. Сондай-ақ, іс қағаздарын толтыру кезінде көркем әдебиет тіліндегідей сөздің стилистикалық бояу қолданудың еш қисыны болмайды.

Көркем шығармада, әсіресе, поэзияда, бір қарағанда, қисынсыздау көрінетін сөздердің автордың шеберлігіне байланысты орайлы орнын таба кететін тұстары көп. Бұл, әрине, ондай туындылардың эстетикалық-эмоциональдық қасиетінен танылып жатары түсінікті:

Сағыныштай сарғайып сары қайың,
Жапырақтар шертеді сары уайым.
Кернейлетіп, сыңсытып, жет, тырналар,
Ұзатқалы барады сәуір айын.
Енесінен құлыңдар жеріген бе?!
Арылыпты бал сусын желіден де.
Қиқулаған тырнаның қанатында,
Жаз ілесіп барады керуенге.
Жұқа шапан жамылған боз даланы,
Әлдилейді тырнаның созған әні.
Қалбалақтап қаңбақтар қарбаласта
Бағытына бас ауған қозғалады.
Балауса жоқ, балғын жоқ тербетуге,
Тербеледі қияқтар жел мен түнде.
Қызылкүрең қоржынын толтырып ап
Хабаршы күз жортып жүр жер бетінде.(М.Мақатаев)

Қайыңның сарғаюының сағыныштай болуы да, жапырақтардың сары уайым шертуі де, тырнаның қанатына жаздың ілесіп бара жатқаны да; боз даланың жұқа шапан жамылуы да, сол даланы тырна әнінің әлдилеуі де, қаңбақтардың қалбалақтауы да, күздің қоржынын толтырып алуы да – осылардың бәрі де поэзия тіліне тән әрі жарасымды, ал осы тіркестерді ауызекі сөйлеу ыңғайында қолданар болсақ немесе ресми құжаттар тілінде осылардың әлде біреуінің кездесуі оғаш көрінбес еді. Сөйтіп, қисынсыздық туар еді.

Сөз қисындылығының функциональдық стильдерінің түрлеріне қарай, сөйлеу жағдайына қарай, контексте байланысты өзгеріп отыратынын естен шығармаған мақұл. Әр стильдің бірін-бірі байытып отыратын элементтерін жоққа шығару қиын. Мұндайда өте сақтық қажет.

Оқытушының сөйлеу тілінің стильдік ерекшелігі сан алуан. Ол стильдің барлық түрін пайдалана біледі. Әрі сол стиль түрлері оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқытушылар стильдің түр-түрін, атап айтқанда, егер оқушыларға мәтін жаздырса, көркем әдеби стилін, газет, журналдан үзінді келтірсе, көсем сөз стилін, анықтама, ереже не болмаса баяндама жасауда ғылыми стилді, күнделікті өмірде ауызекі сөйлеу стилін т.б. қолданады.

2. Орфоэпиялық сөз нұсқаларын кемелдендірудің ерекшелігі

Қай тілді алсақ та әдеби тіл екі сипатта, ауызша және жазбаша түрде қызмет етеді. Сөздің ауызша айтылу нормасы орфоэпия деп аталады. Мұндай жүйе тілдің ұлттық ерекшелігі ретінде ғасырлар бойына жалғасып қалыптасады.

Орфоэпия – грекше *orthos* – дұрыс және *epos* – сөз, демек, дұрыс сөйлеу деген мағынаны білдіреді.¹ Әдеби тілдегі сөздердің, сөз тіркесі мен қосымшаның белгілі бір ережеге сәйкес бірізді дыбысталуын қамтамасыз ететін жалпыға бірдей қалыпты айтылу нормасын, екінші сөзбен айтқанда,

¹ Дүйсебаева М. Қазақ тілі орфоэпиясының мәселелері. Алматы. 1966. 36.

дұрыс сөйлеу үлгісін орфоэпия дейміз. Сондықтан да орфоэпияны тіл мәдениетінің өзекті саласына жатқызамыз.¹

Сөздің орфоэпиялық нұсқасы халық тілінің фонетикалық құрылымын, оның даму, өзгеру тенденциясы мен сипатты ерекшелігін танытатындығынан. Бұл жағдай қазақ тіліндегі дыбыстардың табиғаты мен ерекшелігіне қоса, сөйлеу барысындағы олардың түрлі өзгеріске ұшырау бағытын зерттеуді керек етпек. Орфоэпиялық сөз нұсқаларының қалыптасуының негізгі себебі берік жазу дәстүрінің, орфоэпиялық норманың болмауы, жалаң сөйлеу тілі ауанымен сөздерді еркін қолданудың әсері екені анық. Өйткені сөйлеу тілі әдеби кодификацияланбаған (бір жүйеге түспеген) саласы ретінде танылады.

Тіл – тілдегі сөздің орфоэпиялық сөз нұсқаларының қалыптасу ерекшелігі әр басқа. Орыс тілінде орфоэпиялық сөз нұсқаларының екпінге байланыстылары көп. Түркі тобындағы тілдердегі жағдай одан өзгеше. Оның ішінде әрбір жеке тілдегі орфоэпиялық сөз нұсқаларының түзілуінде де елеулі айырмашылықтар болатыны белгілі. Оның себебі орыс тіл білімінде сөздің дыбысталу нормасының маңызы емле нормасынан кем емесін қатты ескеріп, одан ауытқуға еш жол берілмейді. Соған орай оқу орындарында орфоэпияға өз дәрежесінде үлкен мән беріп, оқушылардың сөзді қате жібермей айтуға дағдыландыру дұрыс жолға қойылған. Соның арқасында радио мен теледидар хабарларында, басқа да жиындарда орыс тіліндегі сөзді нормадан ауытқымай, ешқандай қате жібермей дұрыс дыбыстайды.

Өкінішке орай, қазақ тіл білімінде орфографияға ғана баса көңіл бөліп, орфоэпиядан ауытқуға жете мән бере қоймай келгеніміз белгілі. Қазіргі тіліміздегі сөздің орфоэпиялық вариантының болу жағдайы мен даму, өзгеру заңдылығын анықтау олардың әдеби ретке келуі үшін өте-мөте маңызды болмақ. Мұның өзі тарихи фонетикаға, ауызекі сөйлеу стиліне, нормативтік стильге қатысты мәселеде де зор табысқа жеткізер еді. Сөздің әдеби тілде дұрыс нормасын саналы түрде үйрету сөйлеу тіліне емле ережелерінің

² Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы.1965. 43 б.

тигізер ықпалын еске алып, жүйелі түрде жұмыс жүргізуді қажет етпек. Тілдің реңін бұзып, ажарын кетіретін, құлақты тырнап тұратын қолданыстарға орфоэпиядан да мысалдардың жеткілікті екені белгілі.

Әр тарихи кезеңде шындалып, тұрақталған ауызекі сөйлеу тілінің нормасына бүгінгі таңда үлкен міндет пен талап қойылуда. Демек, оқушылар қауымы үшін емле нормасы мен грамматика ережесін білу қаншалықты қажет болса, сөздің дыбысталу заңдылығын меңгерудің маңызы да соншалық. Сөйлеу тілінде кездесетін жергілікті ерекшелік я түрлі жаргондар болсын, сөздің әдеби нормаға жатпайтын қарапайым варианты болсын, орфоэпия нормасынан ауытқудың басқа да түрі болсын, тіл мәдениетіне нұқсан келтіретіні белгілі. Сондықтан ана тілінің сөйлеу нормасын саналы түрде үйрету қазіргі таңдағы ең актуалды мәселе ретінде аталып жүр¹.

Орфоэпиялық ережені сақтамау салдарынан сөзді дұрыс дыбыстамай, ақаулықтар жіберудің түрлі себебі бар. Орфоэпияның тұрақтылығы, сөйлеу нормасы ұзағырақ уақытқа сақталады дей тұрсақ та, тілдің дыбыстық құрылымының дамып жетілуіне орай және орфографияның тигізер әсеріне қарай орфоэпиялық анықтама мен ережелер де сәл-пәл өзгеріске ұшырап отырған. Қазақ тілінің орфографиялық жүйесі ХІХ ғасырдағы қалпымен салыстырғанда елеулі өзгеріске ұшырады. Мұндағы ең басты себеп – емле ережесінің сөздің айтылу қалпына түбегейлі әсер етуі, сөздің жазылуы мен дыбысталуының сәйкестенуі. Сөз нұсқасының жазу нормасына айналғаны ғана орфоэпияда орнығады. Белгілі бір ғана әріппен белгілеуге негізделген қазақ тіліндегі сөздердің жазылуының фонетикалық ұстанымы арқасында көп сөздердің айтылуы мен жазылуындағы сәйкестік басым. Ал жазу нормасы тарихи дәстүр принципіне негізделген ағылшын, француз сияқты тілдерде орфография мен орфоэпия мүлдем бөлек екені белгілі. Оның үстіне сөздің орфографиялық сөз нұсқалары халық тілінің фонетикалық құрылымын, оның даму, өзгеру тенденцияларын танытатындығы да күмәнсіз.

¹ Нұрханов С. Әдеби тіл мәдениеті жайында бірер пікір./ Қазақстан мектебі, № 9, 1994

Ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, сөзді табиғи заңдылығын сақтап, дұрыс дыбыстап, дұрыс айту көптен-көп орфографияға, демек қалыптасқан жазу нормасына байланысты. Тіліміздің дыбыстық құрылымының жетіле түсуі тұрғысынан қазақ сөзінің түр-түрпатын айтылуы бойынша түгелімен өзгертіп жазу, сөздің дыбысталуы мен жазылуын бірдейлестіру дұрыс бола қоймаса керек. Өйткені, тілдің дыбыстық жүйесі де біржола мәңгі жасалып қатып қалмайды деп жүрміз. Өйткенмен, Ә.Жүнісбековтың: «Сөйлеу сауатын көпе-көрнеу жазу сауатының қанжығасына байлап бермей, сөйлеудің әдеби үлгісін тұрақтандыру керек»-деп атап өткеніндей, жазу айтылуға икемделіп, жарасымдығын тапса, тілдің шырайына кіреуке түспегені.¹

Сөзді ауызекі тілде айтқан кезде көршілес дыбыстың әсері нәтижесінде пайда болатын орфографиялық сөз нұсқаларының сипаты сан алуан. Қазақ тілінің дыбыстық құрылымына тән сипатты ерекшеліктің бірі – дауысты дыбыстардың, сондай-ақ сөз ішіндегі я сөз аралығындағы ұяң, сонор дыбыстардың келу ыңғайына қарай дауыссыздардың да ассимиляциялануы, яғни ішкі үндестігі, өзара гармониялы болып келуі. Соған орай тіліміздегі қ, к дыбыстарынан басталатын сөздер екі, кейде одан да көп орфографиялық вариантта айтылып жүр: кел/гел, көл/гөл, құрт/ғұрт, қазан/ғазан, қыр/ғыр, қаш/ғаш, көз/гөз, қой/ғой, кері/гері.

Мысалы: жас қазақ, қазақ жігіті, қара қазақ, қыр қазағы (жазылуы: қазақ жігіті, қара қазақ, қыр қазағы). Мұнан сөз аралығында қатаң дауыссызды сындырып, ұяңдататын, үндестіріп айту заңдылығына сәйкес сөйлеу тілінде бір сөздің вариант қатарының түзілу мүмкіндігін көреміз. Сөз аяғындағы мұндай дыбыс алмасуы жазуда ескеріледі. Айталық, қазақы мен қазағы – әртүрлі грамматикалық формадағы сөз тұлғалары. Қатаң дауыссызды көршілес дыбыстармен үндесуіне қарай сындырып (ұяңға айналдырып) айту арқылы сөйлеу тілінің әуездігі, ырғақ өлшемі, дыбыстардың құлаққа

¹ Ана тілі газетасы. 10.05.1990

жағымды үндестігі сақталады. Сондықтан бұл негізгі орфоэпиялық нормаға жатады. Мектеп оқушыларының, жұртшылықтың сөйлеу тілінде бұл ереженің ескеріліп, дұрыс сөйлеу нормасы ретінде насихатталуы, қалыпты дағды-әдет ретінде бұзылмауы көзделуге тиіс. Қазіргі тіліміздегі сөздің орфоэпиялық сөз нұсқасының болу жағдайы мен даму заңдылығын анықтау олардың әдеби ретке келуі үшін өте-мөте маңызды болмақ. Мұның өзі тарихи фонетикаға, ауызекі сөйлеу стиліне, нормативтік стильге қатысты мәселеде де зор табысқа жеткізер еді. Қазіргі сөйлеу тіліндегі әдеби нормадан ауытқу үш түрлі жағдаймен көбірек байланысты. Олар жергілікті ерекшелік, бөгде тілден енген сөздердің айтылуы, жазу дәстүрі. Жергілікті ерекшелікке жататын сөздің дыбыстық варианттары бірте-бірте қолданудан шығып қалмақ. Тілімізге орыс тілі арқылы енген сөздердің басым көпшілігі орыс әдеби тілі өлшемі бойынша айтылып, та, жазылып та жүрген-ді.

Біз сөйлеу тіліндегі сөз нұсқаларының қазіргі сөз қолдану тәжірибесінде күнбе-күн ұшырасып жүрген белгілі бір топтарының нормалану ерекшелігіне тоқталмақпыз. Олар тілімізде қолданылу сипатына қарай орфографияға қатысты варианттар (ресми-ресіми, байи-баи, тиын-тыйын), жалаң орфографияға қатысты варианттар (ұқсап-ғұсап-құсап-ұсап), бір сыңары орфографиялық, бірі орфоэпиялық нормаға жататын варианттар (шайхана/шәйхана, жарайды/жәрәйді, кіналы/кінаәлі) болып бөлінеді.

Аталған орфоэпиялық варианттардың бәрі де әдеби тіл өлшемінде жатқанымен, қазіргі қолдану тәжірибесінде өзгеру, қалыптасу элементтерін байқатып жүр. Орфоэпияның бүгінгі таңдаған ең күрделі мәселесі-кітаби стильде сөйлеу дағдысы, басқаша айтқанда, сөздерді өзара үйлестірмей, сірестіріп, жазылуына сәйкестендіріп айту. Олай болса сөздің айтылу қалпын әдеби нормаға сай тиянақтаудың бір жағы орфоэпиялық норманы жетілдіру талабымен жымдасып жатыр. Қазақ тілінің бейнелігімен қоса әуендік үндестікпен дыбысталу жүйесін атап өткен орыс түркологі П.М.Мелиоранский қазақтың «сөздері ырғақпен күмбірлеп естіледі дегенде, сөз бен сөздің тіркесіндегі айтылу сазы мен әуезділігін меңзесе керек».

Гүлдархан Смағұлованың атап өткеніндей, «сөйлеу тілі – тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы». Өйткені, тілдің жанды құбылыс екені сөйлеу тілінен басымырақ байқалады. Сөйлеу тіліндегі өзгерістер негізінде қазақ тілінің емле ережесіне өзгерістер де еніп отырған.¹

Қазақ тіліндегі қайсы бір сөздердің жеке-жеке дара тұрғыда айтылуы бар да, сөз тіркесінде дыбысталуы бар екенін ескермей, олардың бір-бірімен дыбыстық үйлесімін келтірмей, жазылуынша оқу немесе айту қарапайым оқырманды айтпағанның өзінде, тіпті тіл мамандарының арасында да белең алып барады. Өкінішке орай, ауызша сөйлеу мәдениетіне жұртшылық назарын өз мәнінде аудармай отырғандықтан, бүгінгі ауызша сөйлеу үрдісіміз сын көтермейді. Теледидар мен радиодан берілген хабар сан мыңдаған тыңдаушыға арналғандықтан, олардың дұрыс сөйлеп, сөздерді дұрыс дыбыстауға дағдыландыруға тиісті дей тұрсақ та, қарапайым қатардағы тұтынушыларды айтпағанның өзінде филолог – ғалымдар, журналистер, дикторлар, әншілер, мұғалімдер, тағы басқа ана тіліне жетік тіл мамандарының да орфоэпиялық норманы сақтай бермейтіні жиі байқалып алаңдаушылық тудырып отыр. Сөз бен сөз тіркесін қалай жазылса солай оқып, айтып, қатаң дауыссызды сындырмай, сірестіріп айту уақыт өткен сайын белең алып барады.

Үндестік заңы қазақ тілі фонетикасының басты заңдылығы болғандықтан, сөздерді дыбыстау жағынан бір-бірімен қиыстырып, табиғи түрде дұрыс айтуға мектепте өз мәнінде көңіл бөлініп, орфоэпия нормасын үйретпейінше іс нәтижесін бере қоймас.

Қатаң дауыссызды көршілес дыбыстармен үндесуіне қарай сындырып (ұяңға айналдырып) айту арқылы сөйлеу тілінің әуезділігі, ырғақ өлшемі, дыбыстардың құлаққа жағымды үндестігі сақталады. Сондықтан бұл негізгі орфоэпиялық нормаға жатады. Демек, мектеп оқушыларының, жұртшылықтың сөйлеу тілінде бұл ереженің ескеріліп, дұрыс сөйлеу нормасы ретінде насихатталуы, қалыпты дағды-әдет ретінде бұзылмауы

¹.Ана тілі газетасы. 18.11.1994

көзделуге тиіс. Сахнадан еститін сөзіміз, диктордың мұғалім мен оқытушының тыңдарман алдындағы сөзінің, лектордың айтқан сөзінің дыбыс үндестігіне, демек, әдеби тілдің орфоэпиялық номасына сай келуінің елеулі маңызы бар. «Ауызша сөйлеу мәдениетінің басты талабы – тілдің фонетикалық заңдылығын сақтап, сөзді дұрыс дыбыстау» – деп, Р.Сыздықованың атап өткеніндей, сөз тіркесіндегі сөздерді өзара үндестіріп, ритмикалық ырғағын үйлестіріп айту қазақ тілінің басты орфоэпиялық ерекшелігі екені белгілі.¹

Тіліміздегі орфоэпиялық өлшемге жататын фонетикалық құбылыстың бәрін бірдей еш өзгеріссіз қалуға тиіс деуге келмейді. С-ш, л-ң, н-м, н-ң дыбыстарының үндесуінен түзілген варианттар да өз әсерін жоғалтуы мүмкін. Атап айтсақ орысша/орышша, қосшы/қошшы, жауынгер/ жауыңгер, күңгей/күңгей, сөзшең/сөшшең, түңгі/түңгі, бұрынғы/бұрыңғы, нанба/намба, ішсем/ішшем, жұмысшы/жұмышшы, жалғыз/жаңғыз, сенбе/сембе, типтес жарыспа тұлғаларын жоғарыда аталған қана/ғана, күн/түн орфоэпиялық варианттарымен теңестіру, дәл солар тәрізді заңдастыру асығыстық тәрізді. Рас, қазіргі таңда – негізгі орфоэпиялық заңдылық. Алайда бүгінгі күннің өзінде ұшырасып жүрген «қосшы», «түңгі», «сенбі» деп, жазу өлшеміне лайықтап айту дағдысы онан әрі дами түссе, бұл процесс сөздің айтылу технологиясын жетілдіретін ұнамды өзгерісті танытпақ.

Белгілі бір дәуірде орфоэпия өлшеміне жататын фонетикалық тәсілдің кейін келе маңызын жоя бастауы көптеген тілдер тарихынан белгілі. Мысалы, аман келді/аман гелді/амаң гелді, ән құмар/ән ғұмар/ән ғұмар жарыспаларының бірі емле, бірі сөйлеу нормасы ретінде қалыптасып, ал соңғы ең қарапайым сыңары қолданудан шығуға бағыт алса, оны жазу дәстүрі әсерімен тіліміздің орфоэпия заңдылығының ретке келуін танытатын ұнамды құбылыс деп қарауымыз керек. Тіліміздің дыбыстық жүйесінің өзіндік даму жолы, сөз қолдану тәжірибесі, лингвистикалық жағдайы осыны дәлелдейді. Жалаң сөйлеу тілі ауанымен с-ш, н-ң, н-м, з-ш, з-ж, ж-ш

¹ Ана тілі газетасы. 29.03.1990

дыбыстарын алмастырып, жаппай айта беру тілімізді көркейтіп тұрмағаннан кейін, оған жармаса беру қажет пе деген сұрау туары сөзсіз. Өйткені сөзшең, жас ғалым, сенбі типтес кейбір сөздерді жазылуы бойынша айтуда қазірдің өзінде құлаққа ұрып тұрған қателік сезіле бермейді. Әрі жазу-сызу жоқ кезге тән сөйлеу тілі ауанымен орфоэпия заңдылығын шамадан тыс көбейте беру де тиімді болып тұрған жоқ. Вариант тұлғаларының орфографиялық сыңарының біртіндеп сөйлеу нормасына айналуы әр алуан лингвистикалық жағдаймен байланысты.

а) атап айтқанда, көршілес тілдердің орфографиялық өлшемге де біртіндеп әсер ете алатыны белгілі. Мәселен, орыс тілі арқылы енген сөздер сингармонизм заңы бойынша түрленіп отырмайды.

ә) Буын, дыбыс үндестігіне қатысты өзгерістер аяқталып, шегі анықталып біткен жоқ. Себебі буын, дыбыс үндестігінің өзгерісі барлық сөзде бірыңғай емес. Кейбір сөздер үндестік өлшемі ықпалымен буын, дыбыс үндестігінің біршама кеміп, орфоэпиялық сөз нұсқаларының да шектеле түскенін көрсететін нақтылы айғақтар тілімізде жеткілікті. Айтайық, бес жыл/беш жыл/ беш шыл, бес жас/ бес шас/беш шас вариантының соңғы ең қарапайым сыңары жасөспірімдер тілінде ұшыраспайды дерлік. Жалпы сөз аралығындағы буын, дыбыс үндестігі қазіргі тілімізде ішінара өзгеріске ұшырады. Бұрын сөздің бірыңғай жуан не жіңішке буынды болу заңына сәйкес сөз тұлғаларының дыбыстық ауытқуға ұшырауы басым болатын.

Сөз аралығындағы буын және дыбыс үндестігі әсерінен қалыптасқан сөз нұсқаларының кейбірі қазір сөйлеу тілінен де шығып қалды. Мысалы: Бұлай ету бутыл, бір гәнә құдірет пендеде болған қуат.¹ Осылайша алдыңғы сөздің ықпалымен түзілген «ғана» сөзінің дыбыстық варианты қазіргіден көп болады: Бір гәне /гәнә (ұяң, үнді немесе дауысты дыбысқа аяқталған жіңішке буынды сөзден соң), тек кәне/кәнә (қатаң дауыссызға аяқталған жіңішке буынды сөзден соң), адам ғана/ғанә (дауысты, ұяң, үнді дыбыстардың біріне аяқталған жуан буынды сөзден соң), атақ қана (қатаң дыбысқа аяқталған

¹ Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер. А. 1986. 141 б.

жуан буынды сөзден соң). Қазіргі қазақ тілінде сөз аралығында буын үндестігі сақтала бермейтіндіктен, дыбыс үндестігіне қарай екі –ақ варианты айтылы жүр: ғана/қана.

Үндестік заң ықпалынан ауытқу факті ертеректен басталса керек. Қазіргі сықылды/секілді жарыспаларының бір кездегі сөз тіркесіндегі буын үндестігі ықпалынан түрленген тұлғалар екені білінбей кетті. Себебі вариант түзуіне себеп болған жағдайдың өзгеруі олардың артық сыңарының қолданудан шығып қалуына әсер етпек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілі пәнінде оқушының дұрыс сөйлеуіне айрықша көңіл бөлінеді. Тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыру – тіл үйренушілердің ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттырады. Мұғалім қазақ тілі сабақтарында оқушының ауызша жауаптарының ерекшелігіне де, оның қандай кемшілігі бар деген мәселелерге талдау жасап, оның себебін білу арқылы тіл дамыту жұмыстарын қалай ұйымдастыруды ойластыруы қажет.

Тіл дамыту жұмысында ауызша сөйлеу мен жазбаша тілдің бір-бірімен байланысы басты орыналады. Жазбаша тіл дамыту жұмысына қарағанда ауызша тіл дамыту оңайлау болып келеді. Себебі оқушы жазғанда тек ойын жеткізіп қана қоймайды, оны дұрыс, сауатты жазуға тырысады, тыныс белгісін сөйлем интонациясына қарай қоюды үйренеді. Ауызша сөйлеуді жақсы меңгерген адам өз ойын жазбаша да жеткізе алады.

Сөйлеу адамдар арасында қатынас құралы қызметін атқаратын болғандықтан, ол жеке адамдардың сөйлеу әрекетімен, ой-санасымен, қоғаммен тығыз байланысты. Тілдік қолданыстың сипаты жақсы-жаман нормаға жатады, жатпайды, керек-керексіз деген ұғымдар арқылы ашылмайды.

Сонымен, тілдік тұлға өз ойын дәл, түсінікті жеткізу үшін біліммен қаруланып қана қоймай, тілдік құралдарды ұтымды пайдалана білуі қажет. Тілдік құралдар тұлғаның сөз мәдениетінен көрініс табады. Сөз мәдениеті тілдік тұлғаның тіл қолданудағы білім, білік, дағдыларының бірлігі. Ал сөз мәдениетінің биік шыңы тілдік тұлға көрсеткіші болып табылады.

Тәжірибелі оқытушы оқу үдерісінде тек қатесіз жазуды ғана үйретпей, оқушының тілді пайдалана білуге, оның өз ойын айқын, еркін, дәл жеткізе алуына мүмкіндік бергені дұрыс. Осыдан оқушының сөйлеу тілі дағдыланады, қалыптасады. Қазақ тілінің байлығын игеру, оны анық, әсерлі, ұтымды етіп айтып, жаза алатын дәрежеге жетуге көмектеседі. Сол кездерде

сөз тіркесін, сөйлем құрылысын, морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолдана білу, сөз мәдениетін арттыруға үлес қосады.

Оқушының білімін тереңдету арқылы да тілдік тұлғасын қалыптастыруға болады. Оның жолдары: 1. Тілдік терминологияны меңгеру. Тілдік терминологияны терең меңгеру үшін негізгі және қосымша әдебиеттермен, сөздіктермен, әсіресе, қостілді сөздіктер, анықтағыштармен жұмыс істеу маңызды; 2. Диктант және шығарма жұмыстарын жазу, материалдарды жинақтаудың және картотека жүргізудің тиімді тәсілдері; 3. Сабақ уақытында сұрақтарға дұрыс жауап бере білу т.б.

Сөйлеу мәдениеті өзінің бай тәжірибесіне ие болған жалпы мәдениеттің ажыралмас бөлегі. Бүгінгі күннің мәдениетті адамы ең алдымен сөйлеу мәдениетіне ие болу керек. Бұған әдеби тілдің шексіз бағасыз байлықтарын иелеп алмай тұрып және бұл байлықтан өз қажетіне пайдаланбай тұрып ерісуге болмайды.

Рухани және мәдени жетіскендік адамның білімділігі, данышпандығы және жоғары адамгершілігін көрсететін қасиеттердің бірі болып саналады. Жоғары тәрбиелі адамдарда тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті де жоғары болады. Солай етіп сөйлеу мәдениеті әдеби тіл нормаларын сақтаған жағдайда дұрыс сөйлеу және дұрыс жазу өнері. Сөйлеу мәдениетінің жоғары формасы шешендік. Сондықтан да «Өнер алды – қызыл тіл» деп бекерге айтылмаған.

Сөйлеу мәдениетінің дәрежесі сөйлеу мәдениетінің негіздері болған әдеби тілде дұрыс сөйлеу (орфоэпиялық) нормасы, грамматикалық қағидалардан, сөзді орынды қолдануда, стилистикалық мүмкіншіліктерден және басқа да құралдардан дұрыс пайдалануға байланысты.

Оқытушы қызметінің негізгі құралы ауызша және жазба тіл. Сондықтан маңызды сапаларының бірі тілді еркін меңгеру, сөз мәдениетінің жоғары болуы. Қоғам мүшелерінің сөз мәдениетін жетілдіру үшін оқытушыларға тілдің байлығын, қазіргі әдеби тілдің тазалығын сақтау жүктеліп отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздері. Алматы. 1986.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы. Ана тілі. 1999.
3. Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі.– Алматы. Дайк-Пресс. 2007.
4. Балақаев М. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1997.
5. Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл. Алматы. 2010
6. Богин Г.И. Некультурная коммуникация // Человек говорящий: Язык, культура, познание. – М.: Институт языкознания РАН и др., 1995.
7. Дүйсебаева М. Қазақ тілі орфоэпиясының мәселелері. Алматы.1966. 3б.
8. Жандыбаев Ғ. Сөз мәйегі. (М.Әуезов шығармаларындағы мақал – мәтелдер мен сөз тіркестеріне түсініктеме). Алматы. «Жеті жарғы». 1998.
9. Жолдасбекова Л. Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар. 1998.
10. Жұмағұлова Ж. Қазақ тіліндегі этноэлеуметтік атаулардың лингвомәдени сипаты. 2006.
11. Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. Издание 2-е, стереотипное. – М. 2002.
12. Кучеренко О. Ф. Языковая личность Л.Н.Толстого (на материале переписки): автореф. ... канд. филол. наук: – Караганды. 2004.
13. Қазақ тілі және әдебиеті журналы. Алматы. 2010
14. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы.1965. 43 б.
15. Қайдар Ә.Т .Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас Алматы: Ана тілі, 1979.
16. Құрманбайұлы Ш. Терминологияны стандарттау мен реттеу туралы. Терминологиялық хабаршы №4 (14) 2005.
17. Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың логикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру әдістері мен тәсілдері. –Алматы, 1998, 41 б

18. Мучник Б.С. Психологические основы развития русской письменной речи. Учащихся казахской школы. –Алматы: Мектеп, 1981, 47 ст.
19. Мұқанов М.М. Педагогикалық психология очерктері, Алматы: Қаз.- мем.оқу.пед. Баспасы, 1962, -171 бет
20. Нұрханов С. Әдеби тіл мәдениеті жайында бірер пікір./ Қазақстан мектебі, № 9,1994
21. Руденко Л.П. Смысловая компрессия как метод исследования внутренней мысловой программы речевого целого. // Исследования речи-мыслительной деятельности. –Алматы: 1974, 56-57 стр.
22. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат. 1997
23. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. А. 2007.
24. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы. 1984.
25. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. п.ғ.д. дисс. автореф. –Алматы:2002, -24 бет
26. [www. tdpu. uz](http://www.tdpu.uz)
27. [www. pedagog. Uz](http://www.pedagog.Uz)
28. [www. Ziyonet. Zu](http://www.Ziyonet.Zu)

Мазмұны

Автордың аннотациясы	4
Кіріспе	7
I тарау. Мәтінді құрастыру жазба жұмыстарының жүйесі	10
1. Мәтін мазмұнын игерту жаттығулары.....	12
2. Жазбаша лексикалық жаттығулар	16
2.1. Жазбаша морфологиялық жаттығулар.....	17
2.2. Жазбаша синтаксистік жаттығулар.....	19
2.3. Жазбаша сұрақ-жауап жұмыстарын жүргізу.....	24
2.4. Мазмұндама жаздыру.....	30
2.5. Шығарма жаздыру	34
II тарау. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары	37
1. Сөйлеу мәдениетінің негізгі сапалары.....	37
2. Орфоэпиялық сөз нұсқаларын кемелдендірудің ерекшелігі	47
Қорытынды	56
Пайдаланылған әдебиеттер	58